

**«КАЗТРАНСГАЗ» КОМПАНИЯЛАР ТОБЫН 2014 ЖЫЛЫ ОРНЫҚТЫ ДАМУ ТУ САЛАСЫНДАҒЫ
ЕСЕП**

МАЗМҰНЫ

Басқарма Төрағасының үндеуі	3
Есептің сипаттамасы	4
Өндірістік қызмет	4
Орнықты дамыту саласындағы стратегия	7
Корпоративтік басқару	7
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау	10
Жұмыс орындағы салауаттылық және қауіпсіздік	13
Қоршаған ортаны қорғау	15
Энергия тиімділігі	15
Парниктік газдар	16
Персоналға салынатын инвестициялар	17
Әлеуметтік әріптестік	21
Өңірлерді дамытуға салынатын салым	22
Глоссарий	25
GRI сәйкес кесте	25

«ҚазТрансГаз» АҚ Басқарма Төрағасының үндеуі



Құрметті оқырман!

2014 жыл «ҚазТрансГаз» АҚ үшін үдемелі даму, қазіргі заманға технологияларды енгізу, ауқымды, оның ішінде халықаралық жобаларды іске асыру жылы болды. Бизнес-процестерді әртараптандыру және трансформациялау процестері белсенді түрде жүргізілуде. Компания Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігіне айтарлықтай үлес қоса отырып, елімізде және дүниежүзінде өзінің жағдайын нығайту тұрғысынан тұрақты түрде жұмыс жасап жатқанын атап өткен жөн.

Есепті жылы Үкіметтің қаулысымен Қазақстан Республикасын 2030 жылға дейін газдандырудың бас схемасы бекітілген болатын. Бұл құжат біздің компания үшін іс-қимыл жоспары, оған сәйкес «ҚазТрансГаз» АҚ кең ауқымды жаңа газ құбырларын салу арқылы ғана емес, сондай-ақ республиканың өңірлерін газбен жабдықтаудың баламалы әрі ұтымды көздерін іздестіру жолымен газға деген Қазақстанның ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жағдай жасауы тиіс. Сондықтан Компания өңірлерді газдандыру жөніндегі еліміз үшін стратегиялық және әлеуметтік маңызды жобалардың бірін іске асыруды жалғастырды. Бүгінгі күні біз Қазақстанның 11 газдандырылған өңірінде бармыз, ал абоненттер саны 1 508 957 құрайды.

Өткен жыл бізге негізгі өндірістік және қаржылық көрсеткіштердің тиімді өсу динамикасын сақтап қалуға мүмкіндік берді. Өндірістік көрсеткіштер газды өңірлік тасымалдау бөлігінде де, газбен жасалатын сауда операциялары бөлігінде де орындалды.

Автокөлікті сығылған табиғи газға қайта жабдықтау жөнінде өте маңызды жобаны іске асыру жалағастырылуда. Бүгінгі күні Алматы қ. сығылған табиғи газбен жұмыс істейтін автокөлік құралдарының паркі қазірдің өзінде 1033 бірлікті құрайды, 5 АГТКС пайдалануға енгізілді.

Жалпы алғанда «ҚазТрансГаз» АҚ 2014 жылға арналып белгіленген жоспарын орындады. Ал кейбір өлшемдер бойынша табысымыз біз күткен деңгейден асып түсті. Бұнда, ең алдымен, біздің ұйымшыл ұжымымыздың, сондай-ақ Компанияның дамуына өзінің айтарлықтай үлесін қосқан қазақстандық және шетелдік әріптестердің еңбегі зор.

Есепті дайындау процесінде жүргізілген қызметтің экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштеріне кешенді талдау Компанияның тұрақты дамудың негізгі қағидастарын ұстанатынын растады.

Бүгінгі таңда біз жаңа табыстарға қол жеткізуге бағыт алдық және «ҚазТрансГаз» АҚ Қазақстан Республикасының гүлденуі жолында аса күрделі әрі ауқымды міндеттерді шеше алады деген сенімдемеміз.

**«ҚазТрансГаз» АҚ
Басқармасының төрағасы**

Қ. Шәріпбаев

ЕСЕПТІҢ СИПАТТАМАСЫ

2013 ж. бастап ҚТГ-де GRI Басшылығына сәйкес дайындалған орнықты дамыту саласындағы Есеп жарияланады. Есепте орнықты даму көзқарасы тұрғысынан қызметтің аса маңызды аспектілері қозғалады: мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл, қоршаған ортаны және еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік, адами капиталды, Компаниялар тобының болатын өңірлерінде дамуға салынатын инвестицияларды дамыту.

Есепте Компаниялар тобымен ресми түрде танылған және ішкі құжаттамамен және қолда бар ашық қол жеткізу жүйесіндегі материалдармен расталған деректер берілген. Есептегі көрсеткіштер бірнеше жылдар динамикасында берілген.

Компаниялар тобы қазақстандық және халықаралық практиканың ең үздік үлгілеріне бағдарланды және ҚР заңнамасының талаптарына және корпоративтік стандарттарына негізделген орнықты даму саласындағы ақпаратты жинау, шоғырландыру және талдау тәрізді өзінің тәжірибесіне сүйенді, былтырғы жылмен салыстырғанда ақпараттық айқындықты арттыруға ұмтылды. Есепте жарық көрген барлық орнықты даму саласындағы ақпараттар мен деректер корпоративтік есептілік жүйесінің шеңберінде де, сондай-ақ GRI стандартына да сәйкес арнайы сұрау салу бойынша жинақталған. Алдымен ҚТГ-нің құрылымдық бөлімшелерінен бастапқы ақпарат жинақталды, одан әрі деректер нақтыланып, шоғырландырылды.

2014 ж. Есеп Компаниялар тобының 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсандағы қызметінің нәтижелерін білдіреді.

Компаниялар тобының экологиялық және әлеуметтік қызметі туралы, демеушілік және қайырымдылық қызметі туралы ақпарат ҚТГ-ге және ЕТҰ-ға қатысты берілген.

Есепте мүдделі тараптармен диалогті кеңейтуге айтарлықтай көңіл бөлінген – бұл мәселелер Компаниялар тобының анықтығын арттыру және оның қызметінің ең үздік әлемдік практикаға сәйкестігі үшін қағидатты маңызды болып табылады.

Компаниялар тобының өндірістік процестерінің экологиялық жағдайға әсері туралы мәліметтер құжатта маңызды орын алады. Өндірістің қоршаған ортаға келеңсіз әсерін азайту – Компаниялар тобының стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылады.

Есептің айтарлықтай бөлігі еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өз қызметкерлерінің денсаулығын сақтау саласындағы Компаниялар тобының іс-қимылына арналған.

Есепте қызметкерлерді әлеуметтік қолдау саласындағы ақпарат берілген, ол Компаниялар тобының Қазақстанның үздік жұмыс берушілерінің бірінің мәртебесін қолдауға қатысты ұмтылысын білдіреді.

Есеп Компаниялар тобының жергілікті қоғамдастықтармен өзара қарым-қатынастарын қамтиды: онда әлеуметтік әріптестік қағидаттары, әлеуметтік бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылатын қатысу аумақтарын дамытуға байланысты Компания қызметінің негізгі көзқарасы берген.

Осы Есеп ішкі тәуелсіз растаудан өтпеген, бірақ ҚТГ орнықты даму саласындағы есептерге ішкі тәуелсіз растауды жүргізу болашақта Компаниялар тобы қызметінің ұсынылған нәтижелерінің толықтығын, теңгерімділігін, дұрыстығын арттыруға, сондай-ақ мүдделі тұлғалардың талаптарына жауап беруге мүмкіндік беретінін түсінеді. Осыған байланысты, ҚТГ болашақта орнықты даму саласындағы есептерді ішкі растауды жүргізу практикасын енгізуді жоспарлап отыр.

Есепті жариялай отырып, ҚТГ әлеуметтік жауапкершілік проблемасы жөніндегі конструктивті қоғамдық диалогтің жалғасуын және кеңеюін күтеді және орнықты даму саласындағы өз қызметін жетілдіру жөніндегі барлық мүдделі тараптардың ұсынымдарын құптайды.

ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТ

«ҚазТрансГаз» компаниясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 ақпандағы №173 және 2004 жылғы 9 маусымдағы қаулыларымен құрылған, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 13 мамырдағы №415-II Заңына сәйкес «ҚазТрансГаз» жабық акционерлік қоғамы «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамына қайта аталды. Астана қ. Әділет департаменті 2004 ж. 9 маусымдағы №13898-1901-АҚ заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі.

ҚТГ мемлекеттің мүддесін елдің және дүниежүзінің газ нарығындағы мүдделерін білдіретін Қазақстан Республикасының ірі газбан жабдықтаушы компаниясы болып табылады. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы оның Жалғыз акционері болып табылады. Компаниялар тобы магистральдық газ құбырлары бойынша табиғи газды тасымалдауды басқарады, ішкі және сыртқы нарықта газ сатумен айналысады, құбыр жолдары мен газ сақтау қоймаларын әзірлейді, қаржыландырады, салады және пайдаланады.

Ресурстық базаны кеңейту


Республиканың оңтүстік өңірлерінің тұтынушыларын газбен қамтамасыз ету және энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, ҚТГ 12.12.2000ж. көмірсутек шикізатын бірлесіп барлау және өндіру келісімшартының негізінде өзінің еншілес кәсіпорны «Амангелді Газ» ЖШС арқылы Жамбыл облысындағы Амангелді газ конденсаты кен орындарының тобын игеруді жүзеге асыруда.

Жобаны іске асыру шеңберінде «Амангелді» кен орнын өнеркәсіптік өңдеу және "Жарқұм" кен орнын тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану жүзеге асырылуда, сондай-ақ Амангелді кен орындары тобының шегінде сейсмосбарлау жұмыстарын қамтитын геологиялық барлау жұмыстарының кешеніне, қорды есептеуге, барлау жұмыстарына және ұңғымалар салуға арналған жобаларды әзірлеу, сондай-ақ іздестіру-бағалау ұңғымаларын салу және сынау жүргізілуде.

Амангелді газ конденсаты кен орындарының тобы Тараз қаласынан солтүстікке қарай 198 км. Амангелді кен орындарын пайдалану басталғаннан кейін 2003 ж. бастап 3,444 млрд. м3 газ және 264,157 мың тонна конденсат өндірілді. 2014 ж. Амангелді кен орнында 327 478 мың м3 табиғи газ және 20,643 мың тонна конденсат өндірілді, ал

2014 жылы 27 желтоқсанда тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген Жарқұм кен орнында 341,520 мың м3 газ және 8,5 тонна конденсат өндірілді.

2014 жылы Амангелді және Жарқұм кен орындарында өндірістің сомалық көлемінде 327 820 мың м3 газ және 20,651 мың тонна конденсат өндірілді.



Газды магистральдық тасымалдау

ҚТГ «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының» құрамына кіреді және елдегі ұзындығы 16 мың километр 190 млрд. м3 дейінгі жылдық жобалық өткізу қабілетімен көліктік газ құбырларының негізгі желісін бақылайды (нақты – жылына 160 млрд. м3).

Қазақстан арқылы Түркіменстаннан және Өзбекстаннан Қытайға және Ресей Федерациясына табиғи газ тарниті жүзеге асырылады. 2014 ж. магистральдық газ құбырлары арқылы табиғи газ тасымалдау көлемі 105,4 млрд. м3 құрады.

Транзит түрлері	2014	2013	2012	2011	2010	2009	2008	2007	2006
Халықаралық транзит, млрд. м3	78,66	85,25	84,69	89,04	79,65	73,19	97,74	97,90	107,56
Экспортқа өткізілетін қазақстандық газды тасымалдау, млрд. м3	11,16	12,02	11,91	11,89	13,50	10,01	9,63	8,33	7,83
Ішкі тұтынушылар үшін газ тасымалы, млрд. м3	15,62	12,86	12,59	9,62	8,50	7,91	9,37	7,99	6,53
Жиыны	105,44	110,14	109,19	110,55	101,65	91,12	116,73	114,22	121,92

Газ тасымалдау желілері жөніндегі тасымал

ҚР өңірлерін газдандыру шеңберіндегі «Газ тарату желілері жөніндегі тасымал» бизнес-бағыты ҚТГ бизнесін жүргізудегі басым бағыт болуда.

ҚР-да қалыптасқан газбен жабдықтау схемасы табиғи газды тасымалдау және жеткізудің орталықтандырылған басқару жүйесімен сипатталады. Алайда ішкі нарықты табиғи, сондай-ақ сұйытылған газ сияқты да одан әрі дамыту көбінесе газ өндіретін және газ тасымалдайтын ұйымдардың, сондай-ақ өңірлік деңгейдегі жергілікті органдардың бірлесіп үйлестірілген іс-қимылдарына да байланысты.

Жиынтығында ҚТГ жоғары, орта, төменгі қысымды газ тарату газ құбырларының шамамен 31 мың км астамын пайдаланады.

Ішкі нарықтағы табиғи газ маркетингін ҚТГ-нің еншілес ұйымдары - «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ және «ҚазТрансГаз-Алматы» АҚ жүзеге асырады. Компанияның функцияларына көтерме бағамен ішкі нарық үшін тауарлық газ сатып алу, өңірлік газ тарату желілері бойынша газ тасымалдау, газ тарату объектілерін пайдалану және тауарлық газды ішкі нарықта өткізу кіреді.

Компаниялар тобы Қазақстан Республикасының 9 газдандырылған облысына газ жеткізуді жүзеге асырады. Бірқатар газдандырылған облыстарда газдандыру деңгейі 14% аспайтын деңгейді құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 қарашадағы №1171 қаулысымен бекітілген 2015-2030 жылдарға арналған газдандырудың бас схемасы Қазақстанның ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жаңа газ құбырларын кең ауқымды салумен ғана емес, республиканың өңірлерін газбен жабдықтаудың баламалы және ұтымды көздерін іздестіруге жағдай жасауға бағытталған.

Атауы	Бір.өлшемі	2012	2013	2014
Газ тарату жүйелері бойынша тасымалдау көлемі	млн.м3	3 646	5 331	7 134,982
<i>ҚТГ Аймақ</i>	- " -	3 318	4 235	5 881,61
<i>ҚТГ Алматы</i>	- " -	328	1 096	1 253,37

Газбен жасалатын сауда операциялары

ҚТГ-нің стратегиялық басым міндеттері ішкі нарықты тауарлық газбен сенімді қамтамасыз ету болып табылады.

Ішкі және сыртқы нарыққа көмірсутектерін жеткізудің көп бағыттылық қағидаттарына негізделіп келе, Қазақстан табиғи газды транзиттеу және экспорттық жеткізулер жөніндегі барлық экономикалық тиімді бағыттарды дамытуға ұмтылады. Бұл ретте ол үшін іргелес елдермен келісілген энергетикалық саясатты жүргізу маңызды болып қала бермек, себебі транзиттік-экспорттық бағыттар олардың аумағынан өтеді.

«Газ және газбен жабдықтау туралы» ҚР Заңына сәйкес Ұлттық оператор - ҚТГ ҚР жер қойнауын пайдаланушылардан шикі және тауарлық газды сатып алуға мемлекеттің басым құқығын жүзеге асырады.

ҚР Үкіметінің 2014 ж. 12 маусымдағы №641 қаулысымен 2014 ж. екінші жарты жылдығына ішкі нарықта тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің шекті бағасы бекітілген. ҚР Энергетика министрінің 2014 ж. 26 желтоқсандағы №224 бұйрығымен осындай ұсқас баға 2015 ж. бірінші жарты жылдығында сақталған.

ҚР оңтүстік өңірлерін және Қостанай облысын газбен жабдықтау «Газпром» ЖШҚ-мен жасалған СВОП-операцияларның шеңберінде, «БГА-ТБА» және «Газли-Шымкент» газ құбырлары бойынша өзбек газының, «Түркімен-Қытай» МГҚ бойынша өзбек және/немесе түркімен газының, «Бозой-Шымкент» газ құбыры бойынша қазақстандық газының, сондай-ақ «Бозой-Шымкент» газ құбыры бойынша ресей газы ресурстары есебінен жүзеге асырылады.

Қазақстанның батыс өңірлерін газбен жабдықтау қазақстандық жер қойнауын пайдаланушылардың газ ресурсы есебінен жүзеге асырылады.

Газды экспортқа жеткізу РФ және Қырғызстан бағытында жүзеге асырылады.

Атауы	2014	2013	2012	2011	2010
Табиғи газды өткізу көлемі (млн. м3), оның ішінде	12 942	11 729	11 584	11 129	9 995
Экспорт, млн. м3	1 801	2 378	1 089	2 845	2 750
Ішкі нарық, млн. м3	11 141	9 351	10 495	8 284	7 245

Республика өңірлеріндегі экологиялық жағдайды жақсарту, сондай-ақ газмотор отыны нарығын дамыту мақсатында, ҚТГ 2010 ж. бастап автогазтолтыру компрессорлық станцияларын (АГТКС) салуды және сығымдалған табиғи газды (СТГ) өткізуді жүзеге асырады.

2010–2014 жылдардағы кезеңде ҚТГ Алматы қ. 5 АГТКС салуды жүзеге асырды.

Алматы қ. 2010–2014 жылдар кезеңінде АГТКС салу жобаларын іске асыру басталғаннан бастап 46,4 млн.куб.м. СТГ өткізілді, ол шамамен 38 мың тонна ДО сай келеді.

	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
АГТКС*	СМР	1 бірл.	2 бірл.	3 бірл.	5 бірл.
Автобустар*	жеткізу	200 бірл.	200 бірл.	250 бірл.	600 бірл.
Жеңіл, жүк автокөлігі *	-	-	110 бірл.	300 бірл.	433 бірл.
Автокөліктің жиынтығы *	-	200 бірл.	310 бірл.	550 бірл.	1 033 бірл.
СТГ өткізу көлемі, мың м3	-	6 057	9 455	11 249	19 641

*өспелі жиынмен

ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ

ҚТГ инновациялық дамуын іске асыру шеңберінде, ҚТГ-нің Ғылыми-техникалық кеңесі (бұдан әрі – ҒТК) қалыптастырылып, жұмыс істейді. ҒТК Компаниялар тобы қызметінің бірыңғай корпоративтік және салалық ғылыми-техникалық, инновациялық саясатын қалыптастыруды және іске асыруды қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық қамтамасыз етілуін жетілдіру мақсатында құрылған.

2014 ж. компаниялар тобының инновациялық жобаларына салынатын инвестициялар үлесі 11 124,7 млн. теңгені құрады. 2014 ж. ішінде 2 инновациялық жобаларды іске асыру жалғастырылды.

Компаниялар тобында инновациялық дамуды іске асыру шеңберіндегі инновациялық жобалар

- ОҚО газ тарату жүйесін жаңғырту (1-ші кезең Шымкент қ.)

Жобаның мақсаты: үздіксіз газ жеткізілімін қамтамасыз ету, газ шығынын азайту, жүйенің өткізу қуатын арттыру;

Жобамен аз қабатты сектордағы төменгі қысымды болат газ құбырларын орта қысымды полиэтилен құбырларына (қызмет ету мерзімі 50 жыл) ауыстыру көзделген. Ескірген жер асты газ құбырларын ауыстыру. Аз қабатты үйлердегі тұтынушылардың әрқайсысында болатын SMART-картасымен қоса жеке ШГТП орнату. Блоктегі ГТП орнату. Жаңа жабдық есеп аспаптарымен жарақталған, орталық диспетчерлік пунктке (болашақта автоматтандырылған басқару жүйесін енгізу) ақпарат беруге мүмкіндік береді, монтаждауда басымдығы бар.

- Тараз қ. газ тарату жүйесін жаңғырту

Жобаның мақсаты: үздіксіз газ жеткізілімін қамтамасыз ету, газ шығынын азайту, жүйенің өткізу қуатын арттыру.

Жобмен ГТБ көмегімен газ құбырын салу көзделген. Аз қабатты сектордағы төменгі қысымды болат газ құбырларын орта қысымды полиэтилен құбырларына (қызмет ету мерзімі 50 жыл) ауыстыру.

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯ

ҚМГ-нің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі және орнықты даму саласындағы стратегиясы Компаниялар тобының негізгі бағыттарының ұзақ мерзімді пайымына байланысты болмақ, олар негізін қалаушы корпоративтік құжаттарда тіркелген:

ҚТГ-нің сапа саласындағы саясаты активтердің құнын арттыруды және газ саласын жаңғыртуды және диверсификациялауды өзінің мақсаты етіп алады.

«ҚТГ-нің қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған кешенді бағдарламасы және «Компаниялар тобында қауіпсіздікті және еңбекті қорғауды басқару қағидасы қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызметтің басым бағыттарын айқындайды.

ҚТГ-нің 2012-2016 жылдарға арналған Кадр саясатының негізгі мақсаты барынша пайда табуға және экономикалық көтермелеуге және әлеуметтік кепілдіктерге негізделетін және жұмыс берушінің де, сонымен жұмысшының да мүдделерінің үйлесімділігіне, олардың қарым-қатынасын Компаниялар тобының игілігі үшін дамытуға ықпал ететін бәсекелі ортада көшбасшылықты қамтамасыз етуге бағытталған Компаниялар тобы үшін адам ресурстарын басқарудың бірыңғай жүйесін құру жолымен персоналды басқарудың тиімділігін арттыру болып табылады.

Корпоративтік дау-дамайларды реттеу үшін (яғни корпоративтік басқару процесінің қатысушылары арасындағы келіспеушіліктер мен дау-дамайлар) Компанияда ҚТГ-дегі корпоративтік дау-дамайларды реттеу қағидасы пайдаланылады.

Компаниялар тобында бар ресурстар дау-дамай жағдайларын формальды түрде шешу үшін қолма-қол ақшамен және Омбудсменнің қызметімен толықтырылады.

Компаниялар тобында әлеуметтік жауапкершілік және орнықты даму саласындағы қызметке қатысты ҚТГ-нің көзқарастарын жүйелеу мақсатында қабылданған ҚТГ-нің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік кодексі бекітілген.

ҚТГ-де Сыбайлас жемқорлық іс-қимылына қарсы саясат қабылданған, ол сыбайлас жемқорлық және алаяқтық іс-әрекеттердің алдын алу мәселелерін көздейді.

Тиімді жұмыс және орнықты даму үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында құрылған ҚТГ қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидасы бекітілген.

2014 ж. тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру шеңберінде шартты міндеттемелерді қарау, шоғырландыру және есепке алу тәртібі туралы қағида, сондай-ақ Тәуекелдердің Үлгілік жіктеуіші қабылданды.

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ 2015 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

- ✓ GRI 4 халықаралық стандарттарына сәйкес 2014 ж. ҚТГ Компаниялар тобын орнықты дамыту саласындағы есебі;
- ✓ Жаңа редакцияда ҚТГ мен ЕТҰ корпоративтік басқару кодексін бекіту;
- ✓ Самұрық-Қазынаның саясатына сәйкес ҚТГ басшы қызметкерлерін ұзақ мерзімді уәждемелеу жүйесін әзірлеу және енгізу;
- ✓ ҚТГ және ЕТҰ бірыңғай құжаттарын (брендбук, PR-стратегия, ақпараттық саясат, медиа-жоспар) әзірлеу және бекіту;
- ✓ Компаниялар тобының еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт, физикалық, экологиялық қауіпсіздігін басқарудың бірыңғай жүйесін әзірлеу;
- ✓ «Интергаз Орталық Азия» АҚ МС ISO 50001:2011 талаптарына сәйкес энергетикалық менеджмент жүйесі және ISO 31000:2009 стандартының базасындағы менеджмент жүйелерінде тәуекелдерді басқару бойынша оқыту жопарланған;
- ✓ «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Кемелденуге ұмтылу» деңгейінде EFQM кемелдену іскери үлгісін және ISO 31000:2010 халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес тәуекелдер менеджменті жүйесін әзірлеуді және енгізуді жоспарлап отыр;
- ✓ «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «Амангелді Газ» ЖШС, «Азиялық газ құбыры» ЖШС-ндағы энергоменеджмент жүйесі.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқарудың мақсаты ҚТГ-нің тиімді қызметін қамтамасыз ету, оның акционерлік капиталының құнын арттыру, инвесторлар құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету және Жалғыз акционердің мүдделерін қорғауды іске асыру болып табылады.

ҚТГ, корпоративтік басқарудың маңыздылығын түсіне отырып, корпоративтік басқару принциптерін енгізуге баса көңіл бөледі. 2009 ж. Корпоративтік басқару кодексі бекітілген. Корпоративтік басқару кодексі ҚТГ Жалғыз акционері - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленген болатын.

ҚТГ Жалғыз акционерінің, ҚТГ менеджментінің және мүдделі тұлғалардың мүдделері балансын орнатуға ұмтылады, бұл ретте ҚТГ-ні холдингтік компания ретінде корпоративтік басқару жүйесі өзіне корпоративтік

сатының бірнеше деңгейлерінің өзара іс-қимылын бірақ қамтиды: акционерлердің жалпы жиналысы, директорлар кеңесі, ҚТГ-нің атқарушы органы және ұқсас ЕТҰ басқару органдары.

Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құру жөніндегі даярлық іс-шараларының шеңберінде холдингтің ұйымдастыру құрылымына өзгерістер енгізілді: ҚТГ – газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор ретінде меншікті құрылымды бұзу мүмкіндігін шектеу, ақпаратты ашуға арналған шығынын азайту, басқарушылық шешімдерді қабылдау рәсімдерін азайту болып танылған корпоративтік орталық болып табылады.

ҚТГ өзінің еншілес және тәуелді қоғамдарын басқару кезіндегі бақылауды айтарлықтай жоғары деп айқындады. Соған байланысты ЕТҰ қызметі ұлттық оператордың стратегиялық мүдделерін білдіреді және холдингтің жалпы өндірістік процесіне – Қазақстан Республикасының тұтынушыларын тауарлық газбен үздіксіз әрі қауіпсіз қамтамасыз ету бойынша қосылады.

Акционерлердің жалпы жиналысының, директорлар кеңесінің, ҚТГ-нің, сонымен ЕТҰ атқарушы органдарының арасындағы функцияларды орынды бөлу жарғыларында бекітілген және ЕТҰ менеджментіне ағымдағы басшылықты жүзеге асыруға кедергі келтірмейді.

Бизнесті трансформациялау шеңберінде ЕТҰ қатысты ҚТГ-ні корпоративтік басқардың мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін олардың ұйымдастыру құрылымын қайта жобалау жүргізілуде, ол корпоративтік басқаруды, корпоративтік өзара іс-қимылдың бизнес-процестерін оңтайландыруды жүзеге асыру шеңберінде лауазымды тұлғалардың өкілеттіктері мен жауапкершілігін қайта бөлу және регламенттеуді білдіреді.

ҚТГ-де кез келген акционерлік қоғамға тән (акционерлердің және мүдделі тұлғалардың құқықтарын сақтау, ақпараттық ашықтық, тиімді директорлар кеңесінің болуы, компанияның басқару органдарының арасында өкілеттіктерді және жауапкершілікті тура бөлу, меншіктің анық құрылымы, ішкі бақылаудың тиімді жүйесінің болуы) қағидаттардан басқа корпоративтік басқарудың бірыңғай стандарты енгізілуде, ҚТГ мен оның ЕТҰ үшін ортақ стратегиялық мақсаттарды іске асыруды жүзеге асыратын корпоративтік басқардың бірыңғай стандартын ұстанатын қағидатын бөлуге болады.

ЕТҰ қызметіне қатысты ҚТГ-нің мүддесі корпоративтік басқару саясатын (немесе бағдарламасын) әзірлеуде және іске асыруда жүзеге асырылады, ол өзіне мынадай бірнеше бағыттарды қамтиды:

- ЕТҰ даму стратегиясын іске асыруды қалыптастыру және бақылау;
- ЕТҰ қызметінің қаржылық нәтижелерін жоспарлау және бақылау, оның ішінде ЕТҰ бағыттарын айқындау және пайдасын бөлуге бақылау жасау;
- ЕТҰ қаржылық-шаруашылық қызметіне, оның ішінде ЕТҰ активтерімен мәмлелер жасасуға бақылау жасау;
- Бизнесті дамыту саласында ЕТҰ ішкі процесінің тиімділігін үздіксіз арттыру;
- ЕТҰ инвестициялық тартымдылығын және капитализациялануын өсіруді қамтамасыз ету;
- ЕТҰ кадрлық саясатын қалыптастыру және іске асыру.

ҚТГ-де корпоративтік басқардың неғұрлым тиімді тетіктерінің бірі ЕТҰ директорлар кеңесінің өкілеттіктерін арттыру болып табылады, онда мүшелерінің басым бөлігін ҚТГ-нің өкілдері құрайды.

Корпоративтік басқару деңгейінің халықаралық стандарттарға сәйкес ең үздік практика талаптарына сәйкестігі 60,8% құрайды.

Жалғыз акционермен: «белсенді» акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма және орталықтандырылған ішкі аудит қызметін қамтитын корпоративтік басқару моделі айқындалған.

ҚТГ активтерінің құрылымы

ҚТГ активтері құрылымындағы 2014 жылғы өзгерістер


• 15.07.2014 ж. (ҚТГ ДК №9 хаттамасы) «Сарыарқа Газ Даму» ЖШС БК құрылды, онда ҚТГ - 60% және LeMar SA Inc компаниясының - 40% үлесі бар, қызметінің негізгі түрі – көмір қабаттарынан матен барлау, өндіру және қайта өңдеу;

• ҚТГ Директорлар кеңесінің шешіміне (30.07.2014 ж. № 8 хаттама) сәйкес бастапқы құны 15 000 АҚШ доллары бойынша «ҚырҚазГаз» ЖШС БК жарғылық капиталында «Қырғызгаз» ААҚ 50% қатысу үлесімен сатып алу-сату шарты жасалды;

• 08.08.2014 ж. (ҚТГ ДК № 10 хаттамасы) «ҚырҚазГаз» ЖШС БК «ҚазТрансГаз- Бішкек» ЖШС болып қайта аталған;

• 08.08.2014 ж. (ҚТГ ДК №10 хаттамасы) «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-на қосылу жолымен «Ақтаугазсервис» АҚ-на қайта ұйымдастырылды.

2014 жылғы 31 желтоқсанға ҚТГ активтерінің құрылымы



Жекелеген қаржылық есептілікке сәйкес ҚТГ-нің жарғылық капиталының мөлшері:

- ✓ 2013 ж. 31 желтоқсанға – 144 011 655 мың теңге;
- ✓ 2014 ж. 31 желтоқсанға – 163 039 875 мың теңге.

Компания өзінің қызметін жүзеге асыратын елдер мен нарықтар:

Ресурстық базаны кеңейту – Қазақстан;

Магистральдық тасымалдау – Қазақстан, Қырғызстан;

Газ тарату жүйелері бойынша тасымалдау - Қазақстан, Грузия;

Газбен жасалатын сауда операциялары – Қазақстан.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІ

Шоғырландыру негізінде Компаниялар тобының тәуекелдерін басқару ҚТГ компаниялар тобының барлық деңгейлерінде тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін (ТБКЖ) ендіру жолымен жүзеге асырылады.

ТБКЖ ҚТГ компаниялар тобында біріздендірумен, тәуекелдер талдауымен және шешімдер қабылдаумен байланысты процестерге негізделген, олар тәуекелдік оқиғалардың оң жақтарын барынша көбейтуді және теріс жақтарын мейлінше азайтуды қамтиды.

ҚТГ-нің әрбір қызметкері өз құзыретінің шеңберінде тәуекелдерді басқару үшін жауапкершілік алады. Толық жауапкершілікті ҚТГ-нің басшысы алады, ол аталған бизнес-процестің «иесі» болып табылады. ҚТГ-нің басшысы тәуекелдерді басқару саласында ұйымдастыру философиясын қолдауды қамтамасыз етеді, тәуекелдер-аппетиті көрсеткіштерінің сақталуына ықпал етеді, олар үшін рұқсат етілетін деңгейлерді ескере отырып, өзінің жауапкершілік аумағының шеңберінде тәуекелдерді басқарады.

ҚТГ тоқсан сайын тәуекелдер бойынша есепті Жалғыз акционер «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа жібереді, ол өзіне негізгі тәуекелдер картасын, іске асырылған тәуекелдер жөніндегі ақпаратты және тәуекел деңгейін азайтуды қамтиды. Есепті кезеңде ҚТГ тәуекелдер иелерінің тәуекелдерді біріздендіруге және бағалауға, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды іске асыру мониторингін, іске асырылған тәуекелдердің статистикалық базасын жүргізуге қатыса отырып тоқсан сайынғы тәуекелдер мониторингі жүргізіледі.

2014 ж. қайта сақтандыру корпоративтік бағдарламасының шеңберінде ҚТГ компаниялар тобының сақтандырылуын ұйымдастыру қамтамасыз етілді – ҚТГ ЕТҰ тәуекелдерін ерікті сақтандыру шарттары жасалды.

ҚТГ және оның ЕТҰ 2014 жылға арналған тәуекелдерді басқару бағдарламасы қалыптастырылған, оған ҚТГ және ЕТҰ тәуекелдер картасы, негізгі тәуекелдер тізілімі, меншікті ұстап тұру қабілетінің есебі, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары енгізілген.

Бұған қоса, Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру мақсатында және оның шеңберінде ҚТГ-нің кез келген қызметкері мен лауазымдық тұлғасы ҚТГ-нің Директорлар кеңесіне құпия түрінде бұзылыстар немесе белгіленген рәсімдердің немесе ҚТГ-нің басқа да саясатының дұрыс орындалмауы туралы мәлімдей алады, сондай-ақ алаяқтық,

ұрлық және заңнама бұзылған жағдайда ҚТГ компаниялар тобының қызметкерлерінің өтініштерін ҚТГ Директорлар кеңесінде құпия түрде қарауға жинау үшін электрондық пошта жәшігі ашылған.

КОРПОРАТИВТІК ҚАУІПСІЗДІК

Құқық бұзушылықтардың, оның ішінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы бұзушылықтардың алдын алу мақсатында, ҚТГ-де қызметкерлер тарапынан және үшінші тұлғалар тарапынан да құқыққа қарсы іс-қимылдар фактілері туралы қауіпсіз, құпия және қол жетімді хабардар ету ұйымдастырылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты ҚТГ ДК-мен 2014ж. 24 қазандағы №12 шешімімен (1-т.) бекітілген.

Іскери этика кодексі ережелерінің және компаниялар тобының саясатының бұзылғандығы туралы мәліметтерді құпия қарауға жинау үшін электрондық пошта жәшігі ашылған.

2014 ж. ҚТГ қызметкерлерінің арасында сыбайлас жемқорлық жағдайлары тіркелмеген, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін жұмыстан босатылған және жазаланған қызметкерлер жоқ. Көрсетілген негіздер бойынша қызметкерлермен еңбек шарттары бұзылған жоқ, қылмыстық іс қозғалмаған. Осыған ұқсас мәліметтер ЕТҰ тарапынан да түскен жоқ әрі тіркелмеген.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ

Жалғыз акционермен өзара іс-қимыл жасау

ҚТГ-нің Жалғыз акционеріне ҚТГ акцияларының 100 пайызы тиесілі. ҚТГ-нің Директорлар кеңесі Жалғыз акционермен жасалатын тұрақты және тиімді өзара іс-қимылдың маңыздылығын түсінеді. Компания Жалғыз акционердің назарына ҚТГ-нің Жарғысымен және ішкі құжаттарымен көзделген тәртіппен Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын өзінің қызметі туралы ақпаратты уақытылы әрі толық көлемде жеткізіп отырады.

Енішлес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау

ЕТҰ өзара іс-қимылы ЕТҰ тиісті органдары арқылы бекітілген корпоративтік рәсімдердің шеңберінде жүзеге асырылады. ҚТГ-нің ЕТҰ-мен жасайтын өзара іс-қимылының негізгі мақсаттары:

- ҚТГ мен ЕТҰ тұрақты қаржылық дамуын, пайдалығын, инвестициялық тартымдылығын арттыруды қамтамасыз ету;
- Жалғыз акционердің және ЕТҰ акционерлерінің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
- ҚТГ мен ЕТҰ акционерлері, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы қатынастарды үйлесімді ету, олардың арасында және көрсетілген топтардың ішінде дау-дамайлардың туындауын алдын алу жөніндегі жүйелі шараларды қабылдау;
- ҚТГ мен ЕТҰ үйлестірілген және тиімді стратегиясы мен инвестициялық саясатын әзірлеу және іске асыру.

Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау

Компания мемлекеттік органдар мен Компанияның барлық бастамалары еліміздің экономикасын дамытуға және лайықты еңбекті ілгерілетуге бағытталуы тиіс екенін түсіне отырып, мемлекеттік органдармен әріптестік және сый-құрмет негіздерінде қарым-қатынас орнатады. ҚТГ және оның ЕТҰ жауапты және адал салық төлеуші болып табылады.

Компаниялар тобы болатын өңірлерде ұзақ мерзімді әріптестік қарым-қатынас орнату шеңберінде өңірлік мемлекеттік органдармен әлеуметтік әріптестік туралы тұрақты түрде келісімдер жасалады.

Жергілікті тұрғындармен өзара қарым-қатынас

Компаниялар тобы мен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынас Компаниялар тобы болатын өңірлерде тұрғындарға деген қарым-қатынастан, компаниялар тобы қызметінің қоршаған ортаға әсерін реттеуден және жергілікті қауымдастықтармен жасалатын қарым-қатынастан көрінеді.

Қоғамдық ұйымдармен және жергілікті қауымдастықтармен өзара қарым-қатынас шеңберінде компаниялар тобы халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктеріне, экономика салаларында қоғам үшін басым жобаларды дамытуға, әлеуметтік, мәдени және білім беру салаларында маңызды қайырымдылық жобаларын іске асыруға көмек көрсетеді.

Компаниялар тобы қоғамдық маңызды іс-шараларға тұрақты түрде қатысып тұрады. Негізгі бөлімшелердің басшылары қазақстандық экономиканы дамытуға арналған конференцияларда, форумдарда, дөңгелек стөлдерде тұрақты түрде сөз сөйлеп тұрады.

БАҚ-пен өзара іс-қимыл

БАҚ-пен өзара іс-қимыл, баспасөз-конференцияларын, сұхбаттар, кездесулер ұйымдастыру арқылы, өндірістік объектілерді аралауды, баспасөз-хабарламаларын шығаруды, корпоративтік іс-шаралар өткізуді, ақпаратты ҚТГ мен ЕТҰ интернет-сайттарына орналастыруды жүзеге асырады. ҚТГ-нің ақпараттық саясаты «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚР Заңының, ҚТГ-нің жарғысының, Ақпараттық саясат туралы ереженің талаптарына сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік коммуникациялар регламентіне сәйкес әзірленген Корпоративтік коммуникациялар қағидасының негізінде жүргізіледі.

ҚТГ қызметі туралы ақпаратты таратудың негізгі нысаны – баспасөз-хабарламалары, олар жедел дайындалып, корпоративтік веб-сайтқа орналастырылады, сондай-ақ БАҚ электрондық поштасы арқылы жіберіледі.

Жұртшылық алаңы ретінде ашылған ҚТГ-нің корпоративтік веб-сайтында, ақпаратқа еркін қол жеткізуге болады, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына, Ақпараттық саясат туралы ережеге сәйкес ашылуы қажет.

2014 ж. қазақстандық баспа басылымдарында, телеарналарда және электрондық БАҚ-та компаниялар тобының баспасөз-қызметтері Компанияның қызметі туралы 600-ден астам материалдар (сюжеттер) жариялады (эфирге шығарылған), 2014 ж. Компанияның аты аталып 2000-нан астам материал эфирге шығарылды. БАҚ-қа шыққан материалдардың позитивті материалдары басым болды. Оның үлесіне материалдардың 57 пайызынан астамы жатады, қалған материалдар нейтралды сипатқа ие. Жалпы шығарылған материалдардың 57 пайызы орталық БАҚ-та, 36 пайызы өңірлік және 7 пайызы шетелдік БАҚ-та жарық көргендер. ҚТГ-нің негізгі ақпараттық әріптесі:

«Казахстанская правда», «Егемен Казахстан», «Литер», «Айқын», «Курсив», «Панорама», «Бизнес & Власть», «Новое поколение», «Деловой Казахстан», «Қызылорда жаңалықтары», «Огни Алатау», «Оңтүстік Қазақстан», «Petroleum», «Oil&Gas of Kazakhstan», «Мұнай және газ» газеті, журналдары, «Хабар», «Қазақстан», «24 КЗ», «Астана ТВ», «Таң», «Знамя труда», «Вечерний Алматы» телеарналары, электрондық БАҚ - www.zonakz.net, www.nomad.su, www.zakon.kz, www.tengrinews.kz, www.oilnews.kz, www.bnews.kz, www.kapital.kz.

2014 ж. ҚТГ-нің баспасөз қызметі Алматы қ. және оңтүстік өңірдегі әкімдіктердің баспасөз қызметтерімен, ҚТГ қызметіне қызығушылық танытқан министрліктер мен агенттіктердің тиісті қызметтерімен және бөлімшелерімен белсенді ынтымақтастықты жалғастырып, байланыс жасауда.

2014 ж. БАҚ баспа және электрондық басылымдардың жарияланымдарына, әлеуметтік медиадағы блогтар мен түсіндірмелерге мониторинг жасау, Facebook және Twitter-де ҚТГ меншікті парағын жүргізу бойынша белсенді жұмыс жүргізілді. 2014 ж. ҚТГ-де бірқатар пиар іс-шаралар жүргізілді, оның ішінде балалар үйінің жетім балаларына арналған «Достық бар жерде табыс бар» қайырымдылық концерті, аз қамтылған отбасылар балаларына арналған «Бақытты бала» қайырымдылық концерті, ҰОС ардагерлеріне арналған атаулы көмек. Құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп мұнайгаз тақырыбы мен әлеуметтік салалары бойынша БАҚ сауалдарына жауаптар дайындау жүргізілуде.

2014 ж. негізгі қорытындыларының арасында - Қазақстанның оңтүстік өңірін Алматы, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарын, оның ішінде Талдықорған, Байқоңыр қалаларының және олардың төңірегін газдандыру.

Жамбыл облысындағы «Жарқұм» кен орнын тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануға енгізу. ҚР Үкіметімен Қазақстанды 2030 ж. дейін газдандырудың бас схемасы бекітілген болатын.

Негізгі оқиғаларды жариялаудан басқа ЕАЭО құруға арналған 15 минуттық фильм, сондай-ақ 2014 ж. ең маңызды оқиғалары туралы 10 минуттық фильм жасалды. Бұған қоса, компания бейінді көрме конференцияларға қатысты, 2013 ж. арналған Жылдық есептің баспа және электрондық нұсқаларын шығару ұйымдастырылды, корпоративтік веб-сайттың дизайны өзгертілді. Компанияның қарапайым жұмысшылары туралы, отбасылық династиялар туралы, спорттағы жетістіктер туралы, мұнайгаз кәсіптері жұмысшыларының беделін арттыруға бағытталған кәсіптер туралы үздіктер туралы айтылатын «Алау» корпоративтік газетінде мақалалар топтамасын шығару ұйымдастырылды. ҚТГ-нің ақпараттық саясаты Компания туралы ақпаратқа еркін және салмақ салмай қол жеткізу мүмкіндігін жасауды көздейді. ҚТГ-нің корпоративтік веб-сайтында жалпы қолжетімді режимде ҚТГ, оның қызметі, корпоративтік басқару, ЕТҰ, сондай-ақ кадрлық саясат, байланыс деректері туралы ақпараттар және т.б. орналастырылған.

Қызметкерлермен өзара іс-қимыл жасау

ҚТГ жоғары кәсіби, білікті және уәждемеленген персоналды қалыптастыруға бағытталған ашық, әділ және белсенді кадрлық саясат жүргізеді. Компания барлық қызметкерлерге еңбек қызметі процесінде олардың әлеуетін іске асыру үшін тең мүмкіндікті, олардың жұмыс нәтижелерін риясыз және әділ бағалауды, кәсіби қабілеттілігі, білімі мен дағдысының негізінде қызметкерлерді іріктеуді және қызметтік өсуін қамтамасыз етуге ұмтылады.

Талантты қызметкерлердің қызметтік көтерілуін қамтамасыз ету үшін ҚМГ компаниялар тобының бірыңғай кадрлық резервіне ашық іріктеу басталды, одан басым тәртіппен негізгі қызметтерге тағайындау жүргізілетін болады.

Бір мезгілде бірыңғай ақы төлеу жүйесін енгізу жұмыстары жалғастырылуда, ол жалақы төлеу есеп айырысу әдістемесінің барынша әдепті түрде, ал еңбекке сыйақы төлеу – қызметкерлердің әртүрлі санаттары үшін әділ етуге мүмкіндік береді.

Компанияда жарты жылда бір рет жұмыс ұжымдарымен басшылықтың кеңесі өткізіледі, онда есепті кезеңнің қорытындысы шығарылады, сондай-ақ одан әрі жұмыс мәселелері талқыланады. Компанияда ұйымдар басшыларының жұмыс ұжымдарымен интернет-сайттар, бірінші басшылар блогі, «қызу желі» телефондары, арнайы пошта жәшіктері және басқалар арқылы кері байланыс орнату мүмкіндігі енгізілген.

Басқарманың 2014 жылғы 23 қарашадағы №19 шешімімен бекітілген Ішкі коммуникация мәселелері ҚТГ-нің жұмыс берушілері мен қызметкерлері арасындағы ішкі коммуникациялардың бірыңғай жүйесі қағидаларымен бірізге түсірілген.

Бірыңғай жастар саясатын қалыптастыру және іске асыру мақсатында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-нда жастар істері жөніндегі кеңес құрылды, оның мүшесі ҚТГ болып табылады.

2014 ж. «Әлеуметтік әріптестік орталығы» корпоративтік қоры ҚТГ-нің еншілес кәсіпорындарында - «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ және «Амангелді Газ» ЖШС-нда әлеуметтік тұрақтылық рейтингін анықтау бойынша социологиялық зерттеулер жүргізілді, онда қызметкерлердің әлеуметтік көңіл-күйінің деңгейлеріне, кәсіпорындарды әлеуметтік дамытуға, персоналды тарту индексіне талдау жасалады. 2014 ж. зерттеулердің қорытындылары бойынша 77% деңгейінде ҚТГ әлеуметтік тұрақтылығының рейтингі айқындалды. Зерттеулер нәтижелері бойынша ҚТГ ЕТҰ әлеуметтік тұрақтылығының барлық негізгі индикаторлары көрсеткіштерінің оң динамикасы байқалады, ол қабылданған шаралардың табыстылығын және 2013 ж. нәтижелерімен салыстырғанда (63%) компаниядағы жағдайдың нақты жақсарғандығын білдіреді. Жылдық динамикада ӘТК көрсеткіші 1,2 есеге (77%) өсті, ол ҚТГ-ні ортаңғы деңгейден жоғары деңгейге өтуіне мүмкіндік берді.

Кәсіподақтармен өзара іс-қимыл жасау

Кәсіподақпен өзара іс-қимыл жасау Компанияда еңбек ұжымдарында тұрақты әлеуметтік ахуалды ұстауға мүмкіндік беретін мықты әлеуметтік әріптестікті құруға, даулы мәселелерді ұтымды шешуді реттеуге, тараптардың құқықтары мен міндеттерін анық регламенттеуге ұмтылуға негізделеді. Еріктілік, тәуелділік, өзін-өзі басқару, заңдылық, тең құқықтық және жариялылық қағидаларын басшылыққа ала отырып, кәсіподақ қызметкерлері

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз мүшелерінің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін білдіреді және қорғайды, оларға құқықтық және кеңес беру көмегін көрсетеді, қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында қолайлы жағдай жасайды.

Әріптестік қарым-қатынастарды нығайту мақсатында кәсіподақтармен оқу ұйымдастырылады, аса өзекті мәселелер бойынша жарты жылдықта бір рет еңбек ұжымдарымен бірлескен семинарлар, дөңгелек стөндер, басшылықпен кездесулер өткізіледі.

ҚТГ-нің орталық аппаратында ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлер үлесі - 100%, «ҚазТрансГаз-Алматы» ЖШС-нда - 100%, «Интергаз Орталық Азия» АҚ-нда - 97,5%, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-нда - 78%, «Амангелді Газ» ЖШС-нда - 84%, «Азиялық Газ құбыры» ЖШС-нда - 76%, «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС-нда және «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС-нда ұжымдық шарттар жасалмаған.

Инвесторлармен, тауарлар, жұмыстар мен қызметтер өндірушілерімен, тауарлар, жұмыстар мен қызметтер жеткізушілерімен және тұтынушыларымен өзара іс-қимыл жасау

Инвесторлармен, тауарлар, жұмыстар мен қызметтер өндірушілерімен, жеткізушілерімен қарым-қатынас орната отырып, Компаниялар тобы ашықтық, адалдық, өзара тиімді мүдделерді сақтау қағидаттарын басшылыққа ала отырып, қабылданған міндеттемелерге қатысты толық жауапкершілікті түсіне отырып, шарттық қарым-қатынастардың барлық жағдайларын сақтайды, Іскери этика кодексіне, Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес өзара қарым-қатынас үшін құрмет және ұқыптылық танытады, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді, шарттық міндеттемелерді орындау жөнінде тапсырыс берушілермен жұмыс кеңестерін жүргізеді.

Қаржылық емес есептілік

Тұрақты әлеуметтік есептілікті дайындау сондай-ақ Компаниялар тобының мүдделі органдармен диалогті одан әрі дамытуға ықпал етеді («Есеп сипаттамасы» бөлімін қара).

Іскери этика

Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесі мүшелерінің және ҚТГ Басқармасының арасындағы қарым-қатынас өзара сенімділік, құрметтілік, есептілік және бақылау қағидаттарына байланысты орнатылады. ҚТГ Қазақстан Республикасының заңнамасына, жалпы қабылданған іскери этика қағидаттары мен ҚТГ-нің ішкі құжаттарына сәйкес қатаң әрекет етеді. ҚТГ өз қызметін Конституцияның, заңның және ҚТГ-нің ішкі құжаттарына қатысты басқа да нормативтік құқықтық актілердің үстемдігін тани отырып жүзеге асырады және ҚТГ-нің лауазымды тұлғалары мен өзге қызметкерлерінің жеке қалауы бойынша шешімдер қабылдауға жол берілмейді. ҚТГ-де Іскери этика кодексі қолданылады. Кодекстің мақсаты корпоративтік басқару тиімділігін арттыруға және іскери мінез-құлықтың жалпы қабылданған стандарттары мен нормаларын қолдану арқылы қызметкерлермен, клиенттермен, жеткізушілермен, іскери әріптестермен, мүдделі тұлғалармен және уәкілетті мемлекеттік органдармен табысты өзара іс-қимыл жасауға жәрдем көрсетуге бағытталған ҚТГ-нің қатынастарын жетілдіру, жүйелеу және реттеу болып табылады. Кодекске сәйкес ҚТГ қызметкерлері Кодекстің нормаларын сақтау туралы өзіне міндеттемелер алады. 2014 ж. ҚТГ-де Омбудсмен лауазымы енгізілген болатын, оның жауапкершілігі Іскери этика кодексін енгізуге, орындауға және түсіндіруге жәрдем көрсету, сондай-ақ бұзылыстар туралы мәліметтер жинау және қарау болып табылады. Омбудсменнің мәліметтеріне сәйкес 2014 ж. Іскери этика кодексінің ережесін, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын және ҚТГ-нің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамау және/немесе бұзу фактілері туралы өтініштер түскен жоқ.

Салалық ұйымдардағы мүшелілік

2003 ж. бастап ҚТГ Халықаралық газ одағының мүшесі, 2005 ж. бастап "KAZENERGY" қауымдастығының мүшесі болып табылады.

Халықаралық газ одағы (ХГО) 1931 ж. дүшинжүзілік масштабта газ өнеркәсібінің ілгерілеуіне ықпал ету мақсатында құрылған.

Қазіргі уақытта одақ дүниежүзінің газ қауымдастықтарын және 71 компанияны біріктіреді: оған 72 атаулы және 30 қауымдастырылған мүше кіреді.

«KAZENERGY» мұнай және энергетикалық кешені ұйымдарының қазақстандық қауымдастығы» заңды тұлғалардың бірлестігі 2005 ж. 2 қарашада құрылған және заңды тұлғалардың тәуелсіз ерікті коммерциялық емес бірлестігі болып табылады, ол Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін серпінді және тұрақты дамыту үшін қолайлы жағдай қалыптастыруға жәрдем көрсетуге арналған.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық

«Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 ж. 30 мамырдағы Жарлығын және «Энергиямен жабдықтау-2020» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29.08.2013 ж. №904 Бағдарламасын іске асыру мақсатында мынадай өзара іс-қимыл жасау ұйымдастырылған:

- Алматы, Ақтөбе, Маңғыстау облыстарының әкімдіктерімен газ тарату желілерін жаңғырту мәселелері жөнінде меморандумға, ал оған қоса Алматы облысында автокөлікті экологиялық таза газмотор отынына көшіру жөніндегі меморандумға қол қойылды. Құжаттарды іске асыру өңірлерде экологиялық жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді және газбен жабдықтаудың сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, парник газдарының зиянды шығындыларын азайту жөнінде жергілікті атқарушы органдармен ұзақ мерзімді ынтымақтастықты қамтамасыз етеді.
- Синопек компаниясымен, «Лукойл Оверсиз Сервис БВ» филиалымен, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС-мен, «Каспинефть ТМЕ» АҚ-мен, «Арал Петролеум Кэпитал» ЖШС-мен Ақтөбе облысының жер қойнауын пайдаланушыларының ілеспе мұнай газын кешенді пайдалану жобасы жөнінде бірлескен іс-қимыл

жоспарына қол қойылды. Құжаттың іске асырылуы атмосфераға парник газдарының зиянды шығындыларын азайту есебінен өңірдің экологиясын жақсартуға мүмкіндік береді.

- «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС мен Ақтөбе қ. «Жолаушылар автокөлік кәсіпорны» ЖШС арасында дәстүрлі бензин мен дизель отынының орнына газмотор отынын енгізу жөнінде ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Құжатты іске асыру автокөлік құралдарын экологиялық таза газмотор отынының таза түріне ауыстыру есебінен өңірдің экологиясын жақсартуға мүмкіндік береді.
- «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС мен Шымкент қ. әкімдігі арасында дәстүрлі бензин мен дизель отынының орнына табиғи газды енгізу жөнінде ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Құжатты іске асыру автокөлік құралдарын экологиялық таза газмотор отынының таза түріне ауыстыру есебінен өңірдің экологиясын жақсартуға мүмкіндік береді.
- «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС мен «Бек-Сервис» автобус паркі және «Green bus company» көлік компаниясы ЖШС арасында Шымкент қ. автобус паркін дәстүрлі бензин мен дизель отынының орнына табиғи газды пайдалану жөнінде ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Құжатты іске асыру автокөлік құралдарын экологиялық таза газмотор отынының таза түріне ауыстыру есебінен өңірдің экологиясын жақсартуға мүмкіндік береді.
- «Сарыарқа» ӘӘК НК» АҚ-мен Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттарынан метан барлау жобасын іске асыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Құжатты іске асыру атмосфераға парник газдарының зиянды шығындыларын азайту есебінен өңірдің экологиясын жақсартуға мүмкіндік береді.

ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ САЛАУАТТЫҚ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК


ҚТГ-нің еншілес және тәуелді ұйымдарының өндірістік объектілері жоғары қауіпті объектілерге жатады. Осыған байланысты, өнеркәсіптік қауіпсіздікті, еңбекті және денсаулықты қорғау Компаниялар тобының абсолютті басымдығы болып табылады. Еңбекті және денсаулықты қорғау саласындағы Компанияның негізгі мақсаттары өндірістегі жаракаттанушылықты төмендету және өлім жағдайларын болдырмау болып табылады.

ҚАУІПСІЗДІКТІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ Өндірістегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ҚТГ-нің стратегиялық басымдығы қызметкерлердің еңбегін қорғау, объектілердің, ғимараттардың және құрылыстардың өнеркәсіптік, өрт, физикалық қауіпсіздігі жөніндегі талаптарға толық сәйкестікте бизнесті жүргізуге бақытталған.

Өндірістің қауіпсіздігі негізгі құндылық және Компания басшыларының моральдық борышы болып табылады.

ҚТГ-де еңбек қауіпсіздігі жағдайларын қамтамасыз ету жөнінде бірінші басшылардың дербес жауапкершілігі және оларды көтермелеу енгізіледі, барлық қызметкерлердің мінез-құлықтары мен ой-өрісінің өзгеруі көтермеленетін болады.

Қауіпсіздікті және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚТГ-нің ішкі құжаттарына сәйкес жүргізіледі.



2013-2017 жылдарға арналған қауіпсіздікті және еңбекті қорғау жөніндегі ҚТГ-нің кешенді бағдарламасына және ҚТГ Басқармасының 2013 ж. 8 сәуірдегі № 8 хаттамалық шешіммен бекітілген «компаниялар тобында


қауіпсіздікті және еңбекті қорғауды басқару қағидасына» сәйкес барлық ЕТҰ-да ұйымдық және практикалық шаралар жүргізіледі.

Еңбекті қорғау саласында:

- қауіпсіздікті және еңбекті қорғау жай-күйіне көп деңгейлі бақылау;
- оқыту және білімді тексеру;
- еңбек жағдайлары бойынша объектілерді аттесттау;
- еңбек санитарлық-гигиеналық жағдайлары;
- арнайы киім-кешекпен және арнайы аяқ-киіммен қамтамасыз ету;
- өндірістегі жазатайым оқиғалардан қызметкерлерді сақтандыру;
- медициналық тексеру және аусым алдындағы медициналық куәландыру.

Өнеркәсіптік, өрт және физикалық қауіпсіздік саласында:

- диагностика, құбыр желілерін тексеру;
- құбыр желілерін жөндеу, оларды ауыстыру және қайта оқшаулау, жабдықтарды жаңғырту;
- қысыммен жұмыс істейтіндердің тамырларын уақытылы куәландырып отыру;
- газ құбырларының, компрессорлық станциялардың, газ тарату станциялары мен пункттерінің жұмыс істеу штаттық режимдерін бекітуді қамтамасыз ету;
- өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі декларацияларды әзірлеу;
- аварияларды жою жоспарларын әзірлеу, түзету;
- өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы қызметкерлерді оқыту және білімдерін тексеру;
- құқыққа қайшы іс-қимылдардан, өртке қарсы қауіпсіздік бойынша объектілерді қорғауға шарттар жасасу;
- өрт автоматикасы және қорғау жүйесіне қызмет көрсету;
- өрт сөндіру құралдарын сатып алу.



Мемлекеттік бақылаушы және қадағалаушы органдармен 64 тексеру жүргізілді.

Ішкі бақылау шеңберінде, бекітілген кестеге сәйкес 2014 ж. «ҚазТрансГаз - Алматы» АҚ, «Автогаз Алматы» ЖШС, «Қызылорда» магистральдық газ құбырларының басқармасы, «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның Авариялық қалпына келтіру жұмыстары мен арнайы техника басқармасы, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның Атырау, Қызылорда және Қостанай өндірістік филиалдарында қауіпсіздікті және еңбекті қорғау жай-күйіне тексерулер жүргізілді. Тексерулердің нәтижелері бойынша жұмыстарды жүргізу жөніндегі ұсынымдар шаралар қабылдау үшін ЕТҰ-ға жіберілді.

Барлығы 2014 ж. компаниялар тобы бойынша ішкі бақылау шеңберінде, бесінші және алтыншы деңгейлерде 25 тексеру жүргізілді.

ЕТҰ жоспарлы тексеру кезінде қызметкерлерді уәждемелеу жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларға, қауіпсіз қызметті насихаттау және тәуекелдерді біріздендіруді ескере отырып жұмысшы персоналды оқыту бағдарламаларын түзетуге ерекше көңіл бөлінді.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның «Орал» МГҚ және «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның және «ҚазТрансГаз Алматы» АҚ-ның Ақтөбе ӨФ объектілерінде командалық-штабтық оқу-жаттығулар өткізілді.

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ КӨРСЕТКІШТЕР

2014 ж. өндіріспен байланысты үш жазатайым оқиғалар болды.

2014 ж. 29 мамырда Ақтөбе қ. ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның Ақтөбе өндірістік филиалының (АӨФ) қызметкерлерін жүргіншілер өткелінде ВАЗ 2115 маркалы автомашинасы басып кеткен. Нәтижесінде екі қызметкер орта және жеңіл жарақат алған.

2014 ж. 10 қазанда Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданының С. Шапағатов ауылында ЖКО болды. Нәтижесінде «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның Маңғыстау ӨФ Түпқараған газ шаруашылығының бір қызметкері қайтыс болды, екіншісі орташа жарақат алды.

2014 ж. 31 қазанда Қостанай облысының «Қамысты-Жетіқара» автожолында ЖКО болды, оның нәтижесінде «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның Қостанай ӨФ Жетіқара газ шаруашылығының қызметкері орташа жарақат алды.

Барлық жазатайым жағдайлар жол-көлік оқиғаларының нәтижесінде болды (ДТО).

2008-2014 жылдар кезеңінде өндірістік жазатайым оқиғаларға талдау жүргізілді.

Одан тәуекелдердің көбі магистральдық және газ тарату объектілерінде болатыны анықталды.

Осылайша:

— «Интергаз Орталық Азия» АҚ-нда 7 жазатайым оқиға болды, онда 5 адам қайтыс болды;

— «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-нда 6 жазатайым оқиға болды, онда 4 адам қайтыс болды;

— «ҚазТрансГаз Алматы» АҚ-нда 1 жазатайым оқиға болды.

2008 жылдан бастап 2014 ж. кезеңінде өндіріспен байланысты жазатайым оқиғалардың салдары

Барлығы – 14 жазатайым оқиға болды, оның ішінде:

8 немесе 57 % зардап шеккендердің өздерінің қауіпсіздік талаптарын бұзуларына қарай

4 немесе 29 % жол-көлік оқиғаларының нәтижесінде

2 немесе 14 жабдықтың қанағаттанарлықсыз жай-күйіне байланысты

2008 жылдан бастап 2014 ж. кезеңінде жазатайым оқиғалардан 33 қызметкер, олардың 30 немесе 91%

жұмысшы кәсіптерінің жұмысшылары.

Талдауға байланысты, адами фактор салдарынан және жол-көлік оқиғаларынан жұмысшы кәсіптері жұмысшыларының мінез-құлық деңгейінде өндірістік жарақаттанушылықты болдырмауға басты назар аударылатын болады. Бұл ретте моральдық және материалдық көтермелеу және уәждемелеу шаралары барынша пайдаланылады.

Компаниялар тобының әрбір қызметкері оның әрекеті немесе әрекетсіздігі жеке оған және қоршаған ортасына түзетілмейтін залал келтіретіні туралы тұрақты түрде есте сақтаулары тиіс.

Қауіпсіздікті және еңбекті қорғауды басқару жүйесін одан әрі дамыту мақсатында, компаниялар тобының бизнесін трансформациялау жөніндегі жол картасының шеңберінде 2015 ж. өнеркәсіптік, өрт, физикалық, экологиялық қауіпсіздікті және еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесін (КЕҚББЖ) әзірлеу көзделеді.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ МЕН АСПЕКТІЛЕР

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес:

— қоршаған ортаға шекті-рұқсат етілетін нормативтерді әзірлеу;

— қоршаған ортаға өндірістік мониторинг жүргізу;

— қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізу;

— экологиялық таза технологияларды енгізу, жөндеу, табиғатты қорғау объектілерін әзірлеу;

— міндетті экологиялық сақтандыру;

— өндіріс пен тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату және залалсыздандыру.

2014 ж. экологиялық төлемдер 145 225,99 мың теңгені құрайды. 2014 ж. уәкілетті органмен келісілген табиғатты қорғау іс-шараларын орындауға бөлінген қаражат 1 119 093,38 мың теңгеге игерілген.

Есепті кезеңде, қоршаған ортаға нормативтен артық эмиссияларға (шығарылымдар, лақтырылымдар, қалдықтардың пайда болуы) жол берілмеген.

ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру» ҚР Заңының талаптарына сәйкес отын-энергетикалық ресурстарды (ОЭР) пайдаланудың тиімділігін арттыру, дамудың энергия үнемдеу жолына көшу – ҚТГ-нің ұзақ мерзімді стратегияның басым міндеттерінің бірі.

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру» ҚР Заңының талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасының Үкіметіне берген Мемлекет басшысының 2013 ж. 23 қаңтардағы № 01-7.1 тапсырмаларын орындау үшін «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ Іс-шаралар жоспарының 2.6-тармағын орындау үшін және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның (2013 ж. 15 наурыздағы № 108-23/1588 хаты) тапсырмаларына және «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы отырысының 2014 ж. 14 наурыздағы №08/14 Хаттамасының 7-тармағына сәйкес «ҚТГ-нің 2014-2020жж. арналған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру корпоративтік бағдарламасы» (бұдан әрі - Бағдарлама) әзірленді.

Бағдарлама Ғылыми-техникалық кеңеспен және Энергия үнемдеу жөніндегі жұмыс тобымен, сондай-ақ ҚТГ-нің Басқармасымен (15.10.14ж. №32 шешім) мақұлданған.

ҚТГ-нің 2014-2020жж. арналған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру корпоративтік бағдарламасының іс-шаралары табысты іске асырылған жағдайда мыналарға қол жеткізіледі: газды тұтынуды СНИП 90,5 млн. м³ астамға және электроэнергияны тұтыну 17,8 млн. кВт*ч астамға төмендету, яғни үнемдеу 125 мың т.у.т (газ және газбен жабдықтау саласындағы операциялар көлемінің өсуін ескере отырып).

ҚТГ компаниялар тобының 2014 ж. ОЭР тұтыну көлемі

ОЭР жалпы пайдалану, барлығы, оның ішінде:	30 504,94 мың Гдж
2014 ж. табиғи газды жалпы тұтыну көлемі - 765 445,68 мың м ³	29 867 мың Гдж

Дизель отынын жалпы тұтыну - 3278,43 тн.	144,15 мың Гдж
Мотор бензинін жалпы тұтыну - 2726,6 тн.	115,9 мың Гдж
2014 ж. электроэнергияны жалпы тұтыну 102 000 мың кВт*ч	367,2 мың Гдж
Меншік шығарылатын электроэнергияны тұтыну - 2 979 593 кВт*ч.	10,72 мың Гдж

Көрсеткіштер жөніндегі энергия сыйымдылығы (тасымалдау, өндіру, компримирлеу):

- газды магистральдық және өңірлік тасымалдау - 0,345 Гдж/мың текше м;
- компримирленген табиғи газ (ҚТГ Өнімдері) - 0,247 кВт*ч/м³;
- газ және конденсат өндіру (Амангелді Газ) - 0,003 т.у.т./мың м³.

Көрсеткіштер бойынша ОЭР үнемдеу:

- жылу энергиясын шығаруға арналған табиғи газ – 56 048 Гдж, су ысытатын қазандықтарды электр тиімді қазандықтарға ауыстырған соң;

- дизель отыны - 5142,5 Гдж;

- автотрактор және арнайы техникаға жұсалатын шығыстарды бақылау жүйесін енгізген соң мотор бензині - 4441 Гдж, (АПК FAS);

- объектілерге жарық беруді светодиодтыларға ауыстырған соң электр энергиясы - 252 Гдж.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында энергия тиімділігін арттыру бағдарламасын орындау үшін энергия тиімділігі бойынша негізгі көрсеткіштердің орындалған есеп айырысуымен қоса отын энергетикалық ресурстарды (ОЭР) тұтыну жөніндегі есеп ай сайын ұсынылады.

Барлық ҚТГ-нің ЕТҰ ҚР Мемлекеттік энергетикалық тізілімінің (МЭТ) субъектілері болып табылады. ҚТГ-нің энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы саясаты ЕТҰ қызметін осы саладағы ҚР жаңа заңнамалық базасының талаптарына сәйкес келтіруге негізделеді. Негізгі тармақтар:

- 1) энергетикалық аудиттер жүргізу және энергоменеджмент жүйесін енгізу;
- 2) қуаттылық коэффициенттерінің нормативтік мәндерін сақтау;
- 3) отын-энергетикалық ресурстардың жыл сайынғы шығыстарын төмендету;
- 4) энергетикалық паспорттарын әзірлеу.

Осыған байланысты, ҚТГ еншілес және тәуелді ұйымдарында энергия үнемдеу және электр тиімділігін арттыру жөнінде толыққанды жұмыс жүргізілуде, тиісті іс-шаралар жоспары іске асырылуда.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ-нда энергетикалық аудит жүргізілді. Нәтижелері бойынша 2015-2020 жылдарға арналған энергия үнемдеу бағдарламасын әзірлеу және ISO 50001 энергоменеджмент жүйесін енгізу басталды. ҚТГ-нің қалған ЕТҰ бойынша бекітілген жоспар-кестесіне сәйкес энергия аудиті жүргізілетін болады, оның нәтижелері бойынша энергия үнемдеу, энергоменеджмент жүйесін енгізу бағдарламасы әзірленетін болады.

Ағымдағы жылы ҚТГ қызметкерлері «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ ұйымдастырған энергия тиімділігі жөніндегі негізгі көрсеткіштердің есеп айырысу әдістемесіне сәйкес «Энергиялық экономикалық талдау» тақырыбындағы оқыту семинарына қатысты.

Энергия үнемдеу саласындағы міндеттерді іске асыру шеңберінде және отын-энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамсыз ету және «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның «Инженерлік-техникалық орталығы» филиалында энергия үнемдеу технологияларын енгізу мақсатында Орал қ. 2015 ж. күн батарейлерін және өнеркәсіптік аумақтың ішкі периметрлеріне сырттай жарық беру үшін светодиодтық лампаларды тәжірибелік-өнеркәсіптік енгізу жоспарланып отыр («АжАС-строй» ЖШС мердігер ұйыммен жасалған 2014 ж. 15 қыркүйектегі № 232-01-14R шарт).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 ж. 29 тамыздағы №904 қаулысымен бекітілген «Энергия үнемдеу – 2020» 2014 ж. арналған бағдарламасымен «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның «Орта Азия - Орталық» магистральдық газ құбыры жүйесінде «Энергия ресурстарын есепке алудың кешенді автоматты жүйесі» (бұдан әрі-ЭЕАЖ) жобасын іске асыру көзделген. Осы сәтке Мақат желілік-өндірістік басқармасында ЭЕАЖ-ды енгізу мәселесі қарастырылып жатыр.

«Қазақстан-Қытай» магистральдық газ құбырында отын-энергетикалық ресурстардың (ОЭР) ұтымсыз шығыстарын болдырмауға мүмкіндік беретін жабық циклдегі паротурбогенераторлар (CCVT-Closed cycle vapor turbogenerator үлгілі), термоэлектрогенераторлар (ТЭГ) және фотоэлектр модульдері. Осыған ұқсас жобалық шешімдер «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырында көзделген.

Жалпы алғанда, 2014 ж. қорытындылары энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөнінде соңғы жылдары жүргізілген ҚТГ-нің еншілес және тәуелді ұйымдарының жоспарлы жұмысының кейбір позитивті нәтижелерін көрсетеді.

ПАРНИКТИК ГАЗДАР

Парник газдарының шығарылымдары көздерін жыл сайын түгендеу және мемлекеттік кадастрда одан әрі тіркеу үшін уәкілетті органға парник газдарының паспорттарын ұсыну жұмыстары жалғастырылуда.

Компаниялар тобынан парник газдарының шығарылымдарына квота бөлу жөніндегі ұлттық жоспарға «Интергаз Орталық Азия» АҚ объектілері кірді. Басқа компаниялар тобының объектілерінен парник газдарының шығарылымдары жылына 20 000 тоннадан аз мөлшерді құрады.

Қазіргі уақытта 2014 ж. атмосфераға шығарылатын парник газдарының (ПГ) көздерін түгендеу және ПГ түгендеу жөніндегі верификация есептері жүргізілді. ПГ түгендеу жөніндегі верификация есептері ҚР Энергетика министрлігіне жіберілді.

ЕСЕПТІЛІК ЖҮЙЕСІНІҢ КОРПОРАТИВТІК АҚПАРАТЫ

Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін, ТЖ (коммуникациялық, ақпараттық және хабар тарату жүйесі) басқарудың және бақылаудың пәрменді тиімді жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында 2014 ж. еңбекті қорғау және қоршаған ортаны, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін, төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі деректерді басқарудың корпоративтік ақпараттық жүйесін енгізу және техникалық алып жүру жұмыстары жалғастырылып жатыр.

2014 ж. бағдарламалық қамтамасыз етумен жүргізілетін жұмыстар; ақпараттық жүйені техникалық қолдау және оның жұмыс істеуі; кәсіпорынның (қауіптілік класстары, жабықтардың түрлері және т.б.) ерекшелігіне қатысты ақпараттық жүйе есептілігі нысандарының бейімделуі; ақпараттық жүйені пайдаланушылардың ресурстарды тиімді пайдалану мен ыңғайлылығы үшін дизайнын пысықтау; ҚТГ ЕТҰ тұтынушыларының пікірлері мен ұсыныстарының негізінде ақпараттық жүйенің жұмыс істеуін талдау.



ПЕРСОНАЛҒА САЛЫНАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Персоналдың сипаттамасы



- Қызметкерлердің орташа нақты саны барлығы, оның ішінде:

- Өндірістік персонал

- Әкімшілік-басқарушылық персонал, оның ішінде


- Орталық аппарат

2014 ж. қызметкерлердің орташа нақты саны 11 960 бірлікті құрады, 2012 жылмен салыстырғанда 554 адамға артты, ал 2013 жылмен салыстырғанда 532 бірлікке төмендегені байқалады.

Қысқарту «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ және «ҚазТрансГаз-Алматы» АҚ санын оңтайландыруға байланысты.



2014 ж. компаниялар тобы бойынша кадрлардың жұмыстан кетуінің өсуі «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ және «ҚазТрансГаз-Алматы» АҚ санын оңтайландыруға байланысты.



-20 жастан жас - 20-30 жас - 31-40 жас -41-50 жас 51-60 жас - 60 жастан жоғары


2014 ж. "ҚазТрансГаз" АҚ компаниялар тобының қызметкерлерінің орташа жасы **40 жасты құрайды.**



орта – аяқталмаған жоғары – екінші жоғары – ғылыми деңгейі (ғылым кандидаты, докторы)
 орта-арнайы – жоғры – магистратура (МВА и оған теңестірілген)

Компаниялар тобы қызметкерлерінің 50% жоғары білімі бар, 26% - орта-арнайы, 23% - орта, 6% - екінші жоғары, 2% - МВА және магистратураға теңестірілген, 1% - аяқталмаған жоғары білім, 0,3% ғылыми дәрежесі бар.

"ҚазТрансГаз" АҚ компаниялар тобының қызметкерлерінің орташа жұмыс өтілі




- ҚТГ компаниялар тобындағы жұмыстың орташа өтілі, жыл
- ҚТГ компаниялар тобындағы жұмыстың орташа өтілі, жыл

Компаниялар тобында 2014 ж. қорытындысы бойынша орташа жұмыс өтілі 6,1 жылды құрады, ал «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында - 7,2 жыл.

ПЕРСОНАЛДЫ ДАМУ

Оқытуға арналған шығыстар туралы ақпарат

Оқытудың жалпы құны (іссапар шығыстарын ескере отырып)



Бизнес бағыт: Ресурстық базаны кеңейту; Бизнес бағыт: Магистральдық газ тасымалдау; Бизнес бағыт: Газ тарату жүйелері бойынша тасымалдау; Бизнес бағыт: Сауда операциялары

«Газ таратушы жүйелер арқылы тасымалдау» бизнес бағыты бойынша 2014 жылы оқытудың жалпы құны басқа ББ-мен салыстырғанда, азырақ соманы (28 320 мың тг.) құрады.

АУП және ПП өткен оқытудың пайыздық арақатынасы



Сауда операциялары; Газ тарту жүйелері бойынша тасымалдау; Магистральдық газ тасымалдау; Ресурстық базаны кеңейту

«Газ тартушы жүйелер арқылы тасымалдау» бизнес бағыты бойынша әкімшілік-басқарушылық персоналдың саны 9%-ды құрайды және басқа ББ-мен салыстырғанда аз көрсеткіш болып табылады.

Тиісінше өндірістік персоналдың саны басқа ББ-мен салыстырғанда артты.

Бағыттар бойынша бір қызметкерді оқытуға арналған шығыстар (іссапар шығыстарын ескере отырып)



Ресурстық базаны кеңейту Магистральдық газ тасымалдау; Газ тарту жүйелері бойынша тасымалдау; Сауда операциялары;

«Ресурстық базаны кеңейту» ББ-да бір адамды оқытудың құны басқа ББ-мен салыстырғанда артты.

Дуалды оқыту жүйесін қолдай отырып, ҚМГ компаниялар тобы бойынша дуалды оқыту нысанын енгізу жөніндегі пилоттық жоба шеңберінде мыналар: «Интергаз Орталық Азия» АҚ (ИОА – ҚТГ-ның еншілес ұйымы) мен «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (ПМХЗ – ҚМГ-ның еншілес ұйымы. Осы мақсатта ПМХЗ, Павлодар химия-механикалық колледжі және Павлодар облысының Білім басқармасы арасында әлеуметтік әріптестік туралы үшжақты шартқа қол қойылды. ИОА еліміздің бес өңіріндегі техникалық және кәсіптік білім мекемелерімен және облыстық білім басқармаларымен әлеуметтік әріптестік туралы үшжақты шарттар жасасты.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Компаниялар тобы ұжымдарда салауатты жұмыс микроахуалын жасауға бағытталған әлеуметтік сипаттағы төлемдердің өсуіне зор көңіл аударуда, бұл қызметкерлердің өздерінің негізгі функцияларын табысты орындауына мүмкіндік береді. ҚТГ қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету саласындағы бірыңғай корпоративтік саясатты айқындайды және қомақты үлесін материалдық көмек, әлеуметтік жәрдемақылар мен өтемақылар, әлеуметтік кепілдіктер құрайтын әлеуметтік сипаттағы төлемдерге зор назар аударады.

Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы шешімімен ҚТГ қызметкерлеріне әлеуметтік көмек көрсету қағидасы жаңа редакцияда бекітілді.

Әлеуметтік қолдаудың жаңа екі кепілдендірілген түрі енгізілді:

1) жүктілігі мен босануы бойынша әлеуметтік төлем ұсыну (мемлекет қамтамасыз ететінін қоспағанда);

2) еңбек қабілетін жалпы жоғалтуына, мүгедектік белгілеуге байланысты басқа жұмысқа ауыстыру мүмкіндігі болмаған жағдайда еңбек шарты бұзылған кезде өтемақы ұсыну.

Сондай-ақ ҚТГ-да қолданылатын, Ұжымдық шартта көрсетілген мынадай әлеуметтік түрлер қосылды:

1) өндірістегі жазатайым оқиғаның нәтижесінде қайтыс болған Қызметкердің отбасына берілетін біржолғы төлем (ҚТГ-ның 2012-2016 жылдарға арналған ұжымдық шартының 6-бөлімі 6.13-тармағы);

2) Қызметкерлердің 7-ден 14 жасқа дейінгі балаларына Қазақстанның шегінде демалыс ұйымдастыру (ҚТГ-ның 2012-2016 жылдарға арналған ұжымдық шартының 6-бөлімінің 6.10-тармағы).

ҚТГ өз қызметкерлеріне медициналық сақтандыруды, материалдық көмекті, оның ішінде еңбек демалысы кезінде қызметкерлерді емдеуге және сауықтыруға берілетін көмекті қамтитын әлеуметтік қызметтер пакетін және көптеген басқаларды ұсынады. Ұжымдық шарттар және Әлеуметтік қолдау көрсету қағидасы негізінде 2014 жылы компаниялар тобының қызметкерлеріне материалдық көмектің мынадай негізгі түрлері төленген болатын:

- демалысқа сауықтыру үшін берілетін материалдық көмек – 2 795 730 мың теңге;

- бала туылған кезде – 113 280 мың теңге;

- тұрғын үйге байланысты өтемақы төлемдері (қарыз алған қызметкерлердің саны) - 164 719 мың теңге;

- өзге төлемдер (некеге тұру кезінде, зейнеткерлікке шығу кезінде, жұмыс істемейтін зейнеткерлерге көмек, ерекше жағдайларда емделуге және операцияға ақы төлеуге) – 244 644 мың теңге.

2014 жылы ҚТГ Кәсіподақпен бірлесіп мынадай іс-шаралар өткізді: компаниялар тобының қызметкерлері арасында Жазғы және Қысқы спартакиадалар, балаларға арналған мерекелік іс-шаралар (сыйлықтар, ойын-сауық іс-шаралары ұйымдастырылды) және басқалар.

Балалар іс-шараларын өткізуге және қызметкерлердің 7-ден 14 жасқа дейінгі балаларының демалысын ұйымдастыруға 2014 жылы 110 428 мың теңге бөлініп, игерілді.

Компаниялар тобы бойынша әлеуметтік төлемдердің жалпы сомасы (жұмыс берушінің әлеуметтік төлемін ескере отырып) 2014 жылы 3 842 619 мың теңгені құрады.

Қызметкерлерді және олардың отбасы мүшелерін сырқаттану жағдайына ерікті медициналық сақтандыру

Компанияның әлеуметтік пакетінің негізгі құрауыш бөлігі ретінде қызметкерлерді және олардың отбасы мүшелерін сырқаттану жағдайына ерікті медициналық сақтандыру – кәсіби кадрларды тартуға және ұстап тұруға мүмкіндік беретін уәждемелік құралдардың бірі. Сақтандыру бағдарламалары Компания қызметкерлерінің амбулаторлық-емханалық, стационарлық және санаторлық-курорттық жағдайларға білікті медициналық көмек, жедел және шұғыл көмек, ҚР-ның барлық өңірлерінде тәулік бойы медициналық қызмет көрсету, аурудың туындау тәуекелін азайтуға мүмкіндік беретін алдын алу іс-шараларын алуға мүмкіндік береді. Жыл сайын қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері үшін елдегі эпидемиологиялық ахуалға сәйкес вакциналау жүргізіледі.

Еңбек жағдайларының, қызметкерлер мен олардың отбасыларының өмір сүру сапасын қамтамасыз ету үшін Топтың бюджеттерінде жыл сайын Қазақстанның ең үздік клиникаларында медициналық қызметтердің үлкен спектрін қамтитын ерікті медициналық сақтандыруға қаражат салынады. Бұл ретте, қызметкерге медициналық қызмет көрсету бағдарламасына медициналық қызметтердің бүкіл спектрін көрсетумен қатар дәл сол жағдаймен оның отбасына да (ері, зайыбы мен балалары) қызмет көрсету көзделген. Бұдан басқа, сақтандыру компаниясы ұсынатын қызметтер аясында физиологиялық жүктілік патронажы көзделген.

Мәселен, егер 2014 жылы компаниялар тобының қаражаты есебінен қызметкерлерді медициналық сақтандыру жалпы сомасы 579,1 млн. теңгеге жүзеге асырылды, оның ішінде ҚТГ қызметкерлерін сақтандыру 9,18 млн. теңге.

ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІШТЕСТІК

Жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасындағы ішкі коммуникацияларды дамыту

Әкімшіліктің еңбек ұжымымен жүйелі кері байланысын, жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасында, кәсіптік одақтармен сындарлы диалог орнату, тұтас алғанда бүкіл компаниялар тобында еңбек дауларын ескерту және болдырмау жөніндегі проблемалық мәселелерді шешуге бірыңғай тұжырымдамалық әдістер әзірлеу мақсатында ҚТГ осы бағыт бойынша белгілі бір іс-қимылдар жасады.

Жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасындағы ішкі коммуникациялар әдіснамасы әзірленді. ҚТГ ЕТҰ-ның бірінші басшыларының есеп беру кездесулерін, желілік басшылардың еңбек ұжымдарымен кездесулерін өткізу, басшылардың еңбек ұжымдарымен жоспардан тыс кездесулерін өткізу, бірінші басшының қызметкерлерді жеке мәселелері бойынша қабылдауы, корпоративтік ақпараттық сайт, сауалнама жүргізу, сондай-ақ ұжымды шоғырландыру (*конкурстар, спорттық іс-шаралар, корпоративтік оқытулар және с.с.*) сияқты ішкі коммуникациялар құралдарын енгізу жөніндегі жұмыс басталды.

Еншілес ұйымдар басшыларының еңбек ұжымдарымен есеп беру кездесулері

Бірінші басшылардың еңбек ұжымдарымен жыл сайынғы есеп беру кездесулері кәсіптік одақтар өкілдерінің/кәсіпорын қызметкерлерінің, ҚТГ компаниялар тобының жауапты қызметкерлерінің міндетті түрде қатысуымен жылына екі рет өткізіледі. 2014 жылы орталық аппаратта және ҚТГ-ның 7 ЕТҰ-сында бірінші басшылардың еңбек ұжымдарымен жартыжылдық есеп беру кездесулері өткізілді. Кездесу барысында бірінші басшылардың ҚМГ ЕТҰ қызметінің әртүрлі бағыттары бойынша есептері, 2015 жылға арналған мақсаттар мен міндеттер тыңдалып, талқыланды, проблемалық мәселелер және оларды шешу жолдары қаралды, яғни қызметкерлер кәсіпорын жұмысының оң және теріс нәтижелері туралы толық ақпарат алып отырады. Кездесулерде талқыланған негізгі мәселелер еңбекақы төлеу бірыңғай жүйесіне, әлеуметтік-еңбек, тұрмыстық, тұрғын үй мәселелеріне және өндірістік-шаруашылық қызмет мәселелеріне қатысты болды.

ҚМГ мен еншілес және тәуелді ұйымдардың кәсіподақтары арасында өзара іс-қимылды және әлеуметтік-еңбек қатынастарын нығайту үшін Ақтау қаласында ҚМГ 2014 жылғы сәуірде ұйымдастырған семинар-кеңес өтті. Семинар-кеңес шеңберінде мына тақырыпта Дөңгелек үстел өтті: «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның бірыңғай әлеуметтік-еңбек саясаты – еңбек дауларын ескертудің сындарлы жолы, оның шеңберінде ҚМГ, оның ЕТҰ басшылығының және ҚМГ кәсіпорындарының кәсіптік одақтары көшбасшыларының корпоративтік кездесуі ұйымдастырылды, оған ҚТГ компаниялар тобының қызметкерлері қатысты.

Сондай-ақ, Дөңгелек үстелдің жұмысына ҚР Мұнай және газ министрлігінің, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Маңғыстау облысы әкімдігінің, ҚР Кәсіподақтар федерациясының, «Самұрық-Қазына» АҚ жанындағы Әлеуметтік әріптестік орталығының, Мұнай-газ саласы қызметкерлері салалық кәсіподағының өкілдері, ҚМГ оқу орталықтарының басшылары қатысты.

Іс-шара шеңберінде ҚМГ кәсіпорындарының, оның ішінде ҚТГ-ның да кәсіптік одақтарының басшылары үшін оқыту ұйымдастырылды, сондай-ақ ҚТГ компаниялар тобының кәсіпорындардағы әлеуметтік-еңбек мәселелері үшін жауапты басшыларын оқыту өткізілді. Дөңгелек үстел шеңберінде кадр және әлеуметтік саясат саласындағы оң жұмыс тәжірибесін, ҚМГ ЕТҰ-ның кәсіпорындарымен өзара іс-қимылды, сондай-ақ топқа кіретін кәсіпорындардың оқу орталықтарының қызметін көрсететін таныстыру стенділерінің көрмесі ұйымдастырылды.

Семинар-кеңестің үшкүндік жұмысының нәтижесінде ҚМГ мен «Мұнай-газ саласы қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» РОО арасындағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу саласындағы өзара іс-қимылдардың корпоративтік келісіміне қол қойылды.

Сондай-ақ, ҚТГ-ның орталық аппараты мен ЕТҰ-ның әлеуметтік-еңбек қатынастары үшін жауапты қызметкерлері Астана қаласында «Әлеуметтік-еңбек қатынастарындағы медиация» атты семинар-тренингте оқытудан өтті. Семинар-тренингті өткізу үшін ҚМГ «Медиация» Бірыңғай медиация және бітімгершілік орталығының үйретуші-медиаторларын тартқан болатын.

«Кәсібі бойынша үздік» конкурстарын өткізу

Жыл сайын мына: «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «ҚазТрансГаз-Аймақ» АҚ, «ҚазТрансГаз-Алматы» АҚ компаниялар тобының кәсіпорындары және басқа да ЕТҰ-лар «Кәсібі бойынша үздік» конкурсын өткізеді. ҚТГ ЕТҰ мамандары жылына бір рет мықтылар атағы үшін сайысқа түседі.

«Амангелді Газ» ЖШС-да «Үздік қауіпсіз құрылымдық бөлімше» және «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік қызметкер» атты екі номинация бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша жыл сайын байқау-конкурс өткізіледі.

Жастар саясаты

2013 ж. бастап ҚТГ-ның жас мамандары «Kazenergy» қауымдастығы Жастар комитетінің мүшелері және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жастар кеңесінің мүшелері болып табылады.

ҚТГ ЖК құрамына ҚТГ-ның Қоғамдық өмірі және жастармен жұмыс мәселелерімен өз бастамашылығымен жас қызметкерлер қатарынан өкілдер кіреді. Жас мамандар Коммания өткізетін барлық іс-шараларға (спартакиадалар, корпоративтік семинарлар, тимбилдингтер) белсенді түрде қатысады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Жастар слеті 2014 жылғы 11-12 қыркүйекте Ақтау қаласында өтті, оған ҚМГ-ның 11 еншілес компаниясының Маңғыстау, Атырау, Қызылорда облыстары мен Астана қаласынан 80-нен астам жас мамандары қатысты. Сондай-ақ, Атырау қаласындағы «Көмірсутек ортасындағы инновациялар» тақырыбындағы Ресей-Қазақстан Жастарының шекара маңы Форумына атсалысты. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында 2014 ж. 18-20 желтоқсанда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының жас мамандарының екінші слеті болды, ол Зеренді кентінде өтті.

ӨНІРЛЕРДІ ДАМУЫҒА ҚОСҚАН ҮЛЕС

Сатып алудағы жергілікті қамту

ҚТГ компаниялар тобы бойынша сатып алудың жалпы көлемі едәуір өңірлерде 2014 жылдың қорытындылары бойынша 284,94 млрд. теңге сомасын құрады, бұл ретте сатып алудағы жергілікті қамту 88 %-ды немесе 250,96 млрд. теңгені құрады. Оның ішінде 178,5 млрд. теңге сомасына сатып алынған тауарлардың жалпы көлемінен қазақстандық жеткізушілердің үлесі 172,1 млрд. теңгені немесе жергілікті қамтудың 96 %-ын құрады.

Жұмыстарды/қызметтерді орындауға жасалған шарттардың жалпы көлемі 106,4 млрд. теңге сомасын құрады, бұл ретте жергілікті қамту 74 %-ды немесе 78,8 млрд. теңгені құрады.

10-кесте Ұйымның атауы	Іс жүзінде жеткізілген ТЖҚ-ның жалпы сомасы және жергілікті қамту үлесі					
	ЖИЫ-НЫ	ЖҚ сомасы	≈	≈	Тауарлар	Жұмыстар/ Қызметтер

				сомасы	ЖҚ сомасы	ҚК	сомасы	ЖҚ сомасы	Доля ҚК
"ҚазТранс Газ" АҚ	84 490 972 832	83 969 388 914	99	60 364 168 508	60 228 208 388	10 0	24 126 804 323	23 741 180 526	98
"Интергаз Орталық Азия" АҚ	60 663 515 978	38 822 116 208	64	16 925 129 947	14 306 285 425	85	43 738 386 031	24 515 830 783	56
"ҚазТранс Газ-Аймақ" АҚ	125 841 399 091	118 945 238 762	95	98 722 835 987	97 303 475 743	99	27 118 563 104	21 641 763 019	80
"АвтоГазАлматы» ЖШС	290 371 906	250 639 591	86	75 745 010	68 881 328	91	214 626 895	181 758 263	85
"Амангелді Газ" ЖШС	3 931 770 160	2 970 539 813	76	255 671 573	61 573 565	24	3 676 098 588	2 908 966 247	79
"ҚазТранс Газ-Алматы" АҚ	3 399 806 229	2 769 628 197	81	70 125 742	128 463	0	3 329 680 487	2 769 499 734	83
"Алматы газ тармағы" ЖШС	4 093 264 338	1 234 948 956	30	1 920 211 555	51 111 962	3	2 173 052 783	1 183 836 994	54
"АГС -Сервис" ЖШС	172 426 287	8 197 567	5	876 622	876 622	10 0	171 549 665	7 320 945	4
«Алматы Газ Трейд» ЖШС	1 754 331 081	1 750 251 183	100	5 315 372	1 235 475	23	1 749 015 709	1 749 015 709	100
"ГазКонтрольПрибор" ЖШС	9 673 321	7 228 237	75	212 130	0	0	9 461 191	7 228 237	76
"ҚазТранс Газ Өнімдері" ЖШС	294 978 466	234 565 224	80	191 838 602	131 478 387	69	103 139 865	103 086 837	100
"ҚазТранс Газ" АҚ	284 942 509 689	250 962 742 652	88	178 532 131 048	172 153 255 358	96	106 410 378 641	78 809 487 294	74

Ұзақ мерзімге өнімдерді кепілдендірілген өткізуді, өндірістің тиімділігін арттыру мен жаңғырту мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді қазақстандық жеткізушілермен ұзақ мерзімді шарттар жасалды. Мәселен, ҚТГ компаниялар тобы 2014 жылы жалпы сомасы 93,97 млрд. теңгеге ұзақ мерзімді шарттар жасасты, оның ішінде тауарлар бойынша – 65,67 млрд. теңге, жұмыстар – 11,87 млрд. теңге, қызметтер – 16,46 млрд. теңге.

2014 жылдың мамырынан бастап желтоқсанына дейін ҚТГ-да Қазақстан Республикасының өңірлері, атап айтқанда Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай, Қарағанды облыстары, сондай-ақ Алматы қ. бойынша Өнеркәсіптік

кәсіпорындарды қолдау шаралары жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру және жұмыс орындарын сақтау шараларын іске асыру жөнінде меморандумдар жасасу және тауарлардағы, жұмыстардағы және қызметтердегі жергілікті қамтуды арттыру мәселелері бойынша көшпелі жұмыс кеңестері өтті.

Жеткізушілерді іріктеп алу Қордың қолданыстағы Сатып алу қағидасы шеңберінде сапалы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу, алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы, әлеуетті жеткізушілер арасындағы адал бәсекелестік қағидаттарында электрондық тәсілмен жүргізіледі. Бұл ретте, жеткізушілердің сенімділігі Холдингтің сенімсіз әлеуетті жеткізушілерінің тізбесімен және (немесе) Мемлекеттік сатып алудың теріс пиғылды қатысушыларының тізілімімен салыстыру жолымен тексеріледі.

Өңірлерді газдандыру

2014 жылы «Алматы қаласы мен қала маңы аймағын газдандыру» жобасын іске асыру аяқталды. Жобаның шеңберінде жоғары, орта және төмен қысымды 1226 км газ құбыры салынды, 252 бірлік шкафтық газ реттеуші пункттер (ШГРП) жөнделді, оның ішінде Алматы қаласы бойынша 560 км газ құбыры салынды және 130 бірлік ШГРП орнатылды, Алматы облысы бойынша 666 км газ құбыры салынып, 122 бірлік ШГРП орнатылды.

Жобаның мақсаты – Алматы қаласының Әуезов, Алатау, Бостандық, Жетісу, Медеу, Түріксіб, Алмалы аудандарында бұрын қатты отынды пайдаланып келген жеке тұрғын үйлерді газдандыру үшін, сондай-ақ Алматы облысының Іле және Талғар аудандарының елді мекендері үшін жағдай жасау.

Жобаның аяқталуымен, 2025 ж. қарай шамамен 61,3 мың әлеуетті абонентті қосу және шамамен 276,5 млн. м³ табиғи газ тұтынудың болжамды көлемін қамтамасыз ету үшін мүмкіндік пайда болды. Сондай-ақ, 2014 ж. Шығыс Қазақстан облысының Зайсан қаласын газдандыру жобасының 1 ПК бірінші кезегін іске асыру аяқталды. Жобаның шеңберінде орта және төмен қысымды 31,8 км газ құбырының құрылысы аяқталды. Зайсан қаласының 1100 жеке меншік үйлерін, 100 коммуналдық-тұрмыстық сектор объектілерін және орта мектебін газдандыру мүмкіндігі пайда болды.

Шымкент қаласының газ таратушы желілерін жаңғырту шеңберінде 787 км газ құбыры төселіп, 14 ПГБ және 10 688 ШГРП орнатылды. Тараз қаласының газ таратушы желілерін жаңғырту шеңберінде 293 км газ құбыры төселіп, 3 988 ШГРП орнатылды. Сондай-ақ, ҚТГ-да Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен қатысушыларының, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың, I, II, III топ мүгедектерінің және тұрмысы төмен отбасыларының жеке тұрғын үйлерін газға қосудың жеңілдікті шарттары енгізілді.

ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Компаниялар тобы бірнеше жылдар бойы халықтың әлеуметтік осал топтарына, оның ішінде жетім балаларға, мүгедек балаларға, ардагерлерге, мүгедектерге, зейнеткерлерге, Қазақстан Республикасының табысы аз азаматтарына атаулы көмек көрсетіп келеді, сондай-ақ ғылым, білім, денсаулық сақтау және мәдениет ұйымдары мен қайраткерлеріне көмек көрсетілуде.

2014 жылы Компаниялар тобы 342 млн. теңгеден астам жалпы сомаға:

- мұнайшы ардагерлердің әлеуметтік мұқтаждары үшін «Мұнайшы» қоғамдық қорына;
- жарғылық қызметін қолдауға қайырымдылық акциялар мен іс-шараларды ұйымдастырушы қоғамдық ұйымдарға;
- «Culture Development Foundation», «Милосердие» ерікті қоғамына, «ДАР», «KZ» қоғамдық қорларына:
 - БЦП-мен ауыратын және Қазақстанда бірқатар себеппен операция жасалмайтын балалар үшін қаражат жинайтын республикалық акцияларға,
 - жетім балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар және аз қамтылған отбасыларынан шыққан балалар үшін,
 - «The Opera Ball» VI Қайырымдылық Балын ұйымдастыру мен өткізуге,
 - жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған «Қуан сәби» республикалық акциясын ұйымдастыру мен өткізуге демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетті.

Бұдан басқа, демеушілік көмек спорттың жекелеген түрлерін басым дамытуға, оның ішінде Жамбыл облысы Бокс федерациясының республикалық, халықаралық деңгейдегі жарыстарға даярлықтың сапалы деңгейін көтеру, қазақстандық боксшыларды қолдау және қала мен облыста боксты дамыту үшін көрсетілген болатын.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні құрметіне ардагерлер мен оларға теңестірілген адамдарға жыл сайын атаулы көмек көрсетіледі, соғыс ардагерлерін, тыл еңбеккерлері мәне оларға теңестірілген адамдарды құрмет тұту жүргізіледі.

Компания жауынгер-интернационалистерге, арнайы мақсаттағы ардагерлерге, Чернобыль АЭС-індегі аварияны жоюға қатысушыларға да материалдық көмек көрсетті.

Зейнеткерлерге, Компаниялар тобының бұрынғы қызметкерлеріне емделуге және сауықтыру курсынан өтуге көмек көрсетілді, сондай-ақ сауықтыру санаторийлеріне жеңілдікті жолдамалар бөлінді.

ГЛОССАРИЙ

АГТКС	Автокөлікке газ толтыратын компрессорлық станция
ҚжЕК	Қауіпсіздік және еңбекті қорғау
ЖОҚ	Жоғары оқу орны
АҚжТЖ	Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай
Компания тобы	ҚТГ және оның ЕТҰ жиынтық атауы
ЕТҰ	Еншілес ұйымдар және тәуелді қоғамдар, соның ішінде ҚТГ бірлесіп бақылайтын ұйымдары және бірлескен кәсіпорындары
ЕМС	Ерікті медициналық сақтандыру
КБК	Корпоративтік басқару кодексі
ҚМГ	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ҚМГ және оның ЕТҰ жиынтық атауы
ТБКЖ	Тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесі
ҚТГ	«ҚазТрансГаз» АҚ
МК	Материалдық көмек
ҒЗжТКЖ (R&D)	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар
ҒТК	Ғылыми-техникалық кеңес
ПГ	Парниктік газ
Есеп	Тұрақты даму саласындағы (аясындағы) есеп
ҚР	Қазақстан Республикасы
ММЖБГ	Меншікті мұқтаждыққа және ысырапқа арналған газ
Самұрық-Қазына	«Самұрық-Қазына» ҰОҚ» АҚ
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
ТМД	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
ӘЖТД	Әлеуметтік жауапкершілік және тұрақты даму
ОЭР	Отын-энергетика ресурстары
Қор	«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ
ШГРП	Шкафты газ реттеу пункттері
GRI	Global Initiative Reporting
HR	Human Resources
ISO 9001	Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар
ISO 14001	Қоршаған орта менеджменті жүйесі. Талаптар және пайдалану бойынша басшылық

Есептің GRI 4 басшылыққа (жетекшілікке) сәйкестік кестесі

Есептіліктің жалпы стандарттық элементтері	GRI көрсеткіш сипаттары	Түсіндірмелер
GRI-1	Ұйымда шешім қабылдайтын ең басты тұлғаның өтініші, тұрақты даму мәселесін шешу кезінде ұйыммен қабылданатын, ұйым үшін тұрақты дамудың маңызы және оның стратегиялары туралы жарияланатын есеп	Басқарма төрағасының үндеуі
GRI-2	Басты (негізгі) ықпалдардың, тәуекелдердің және мүмкіндіктердің сипаты	Корпоративтік басқару
GRI-3	Ұйымның атауы	Есеп сипаттамасы
GRI-4	Өнімнің және/немесе қызметтің негізгі брендті, түрлері	Өндірістік қызмет
GRI-5	Ұйымның штаб-пәтерлерінің орналасқан жері	
GRI-6	Ұйым қызметін жүзеге асыратын елдердің саны	Корпоративтік басқару
GRI-7	Меншік сипаты және ұйымдық-құқықтық нысан	Корпоративтік басқару
GRI-8	Ұйым жұмыс істейтін нарықтар (географиялық топтастырулар, қызмет көрсету салалары, сондай-ақ тұтынушылар және бенефициарлар категорияларымен (санатымен) қоса)	Корпоративтік басқару
GRI-9	Ұйым масштабы, соның ішінде: Қызметкерлердің жалпы саны	Корпоративтік басқару

	Бөлімшелердің жалпы саны	Корпоративтік басқару
GRI-10	Жалдау шарттары және жынысы бөліп көрсетілген, қызметкерлердің жалпы саны	Персоналға инвестиция жұмсау
	Қамтылған жұмыс түрі және жынысы бөліп көрсетілген, тұрақты жұмыс атқаратын қызметкерлердің жалпы саны	Персоналға инвестиция жұмсау
	Штаттағы және штаттан тыс қызметкерлер, сондай-ақ жынысы бөліп көрсетілген, жұмыс күшінің жалпы саны	Персоналға инвестиция жұмсау
	Аймақтар және жынысы бойынша бөліп көрсетілген, жұмыс күшінің жалпы саны	Персоналға инвестиция жұмсау
	Заң бойынша жеке еңбек немесе кәсіпкерлік қызметпен айналысатын қызметкерлермен немесе мердігерлер қызметкерлерімен қоса, штаттағы не штаттан тыс қызметкерлерден басқа тұлғалармен ұйым жұмыстарының едәуір бөлігі орындалады ма	Персоналға инвестиция жұмсау
	Жұмыс істейтін тұлғалар санының кез келген маусымдық өзгерістері	Персоналға инвестиция жұмсау
GRI-11	Ұжымдық шартпен қамтылған барлық қызметкерлердің пайызы	Әлеуметтік серіктестік
GRI-12	Ұйымның жеткізу тізбегі	Корпоративтік басқару
GRI-13	Есепті кезеңде орын алған ұйым құрылымының немесе меншік масштабының немесе оның жеткізу тізбегінің елеулі өзгерістері	Корпоративтік басқару
GRI-15	Ішкі тараптармен әзірленген экономикалық, экологиялық және әлеуметтік хартиялар, ұйым қосылған және қолдау көрсеткен қағидалар мен басқа бастамалар	Есеп сипаттамасы
GRI-16	Мүдделерді қорғау жөніндегі ассоциацияларға (мысалы салалық) және/немесе ұлттық және халықаралық ұйымдарға мүшелік	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік
GRI-17	Есептері шоғырландырылған қаржылық есептілікке немесе ұқсас құжаттарға қосылған барлық заңды тұлғалар	Характеристика Отчета
GRI-18	Есептің мазмұнын және Аспект шекарасын анықтайтын әдістеме	Есеп сипаттамасы
	Есеп мазмұнын анықтау кезінде ұйым есеп дайындау Қағидаларын қалай қабылдады.	Есеп сипаттамасы
GRI-19	Есеп мазмұнын анықтау барысында айқындалған барлық елеулі (жарамды) Аспектiлер тізімі	Есеп сипаттамасы
GRI-20	Ұйымнан тыс Аспект Шекарасының әрбір елеулі Аспектiсі жөнінде сипаттаңыз: осы Аспект ұйым ішінде елеулі (жарамды, маңызды) болып табылады ма, хабарлаңыз	Есеп сипаттамасы
GRI-21	Ұйымнан тыс Аспект Шекарасының әрбір елеулі Аспектiсі жөнінде сипаттаңыз: осы Аспект ұйымнан тыс елеулі (жарамды, маңызды) болып табылады ма, хабарлаңыз Егер осы Аспект ұйымнан тыс жерде (жарамды) елеулі болып табылса, осы Аспект елеулі (жарамды болған) заңды тұлғаны, заңды тұлға топтарын немесе нысандарын көрсетіңіз	Есеп сипаттамасы
	Көрсетілген заңды тұлғалар үшін осы Аспект елеулі (жарамды, маңызды) болып табылатын географиялық ауданды көрсетіңіз	Есеп сипаттамасы
GRI-23	Бұрынғы есептілік кезеңдерімен салыстырғанда Аспектiлер Шекараларының және Қамтуларының елеулі өзгерістері	Есеп сипаттамасы
GRI-24	Ұйым өзара әрекеттесетін мүдделі тараптардың тізімі	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік
GRI-25	Өзара әрекеттесу үшін мүдделі тұлғаларды анықтау және таңдау қағидалары	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік
GRI-26	Ұйымның мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуге формалар және мүдделі топтар бойынша жиілікпен амал етуі, есепті дайындау рәсімінің бөлігі ретінде арнайы өзара әрекеттесу элементтері қолданылды ма, хабарлаңыз	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік

GRI-27	Ұйыммен өзара әрекеттесу шегінде мүдделі тұлғалармен көтерілген басты тақырыптар мен қауіптер, сондай-ақ өз есептілігін дайындау көмегімен, ұйым осы басты тақырыптар мен қауіптерді қалай еледі. Мүдделі тараптардың қандай топтары осы тақырыптардың әр қайсысын көтергенін немесе осы қатерлердің әр қайсысын ескерткенін хабарлаңыз.	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік
GRI-28	Ақпарат берілетін есепті кезең (мысалы, қаржылық немесе күнтізбелік жыл)	Есеп сипаттамасы
GRI-29	Тұрақты даму саласындағы бұрынғы есеп жарияланған күн (ондай болған жағдайда)	Есеп сипаттамасы
GRI-30	Есептілік кезеңі (цикл) (мысалы, жылдық немесе екі жылдық)	Есеп сипаттамасы
GRI-31	Осы есепке немесе оның мазмұнына қатысты мәселелермен жүгінуге болатын, байланыс жасаушы тұлғаны көрсетіңіз	
GRI-32	Ұйыммен таңдап алынған GRI басшылығымен «сәйкес» есеп дайындау нұсқасы	Есеп сипаттамасы
	Есеп дайындауға таңдалған нұсқа үшін GRI мазмұнының Көрсеткішін келтіріңіз	Есеп сипаттамасы
	Егер құжат ішкі тараппен расталса, есепті ішкі растау Қорытындысына сілтеме жасаңыз. GRI есепті ішкі растауға жолдауды ұсынады, бірақ бұл осы Басшылыққа «сәйкес» құрылатын есепке қойылатын талап болып табылмайды	Есеп сипаттамасы
GRI-33	Тұрақты даму туралы есептілікті ішкі растауды қамтамасыз етуге қатысты ұйымның саясатын және қолданылатын тәжірибесін сипаттаңыз	Есеп сипаттамасы
GRI-34	Ұйымды корпоративтік басқару құрылымы, оған қоса, корпоративтік басқаратын жоғарғы органның комитеттері. Ұйыммен көрсетілетін экономикалық, экологиялық және әлеуметтік ықпалдар жөнінде шешімдердің қабылдануына жауапты комитеттерді көрсетіңіз	
GRI-56	Мінез-құлық кодексі және этикалық кодекстер сияқты, ұйымның мінез-құлық құндылықтары, қағидалары, стандарттары мен нормалары	Тұрақты даму саласындағы стратегия Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік Корпоративтік басқару Тұрақты даму саласындағы стратегия
GRI-56	Әдептілік және заңға бағынушылық мәселелері бойынша, сондай-ақ сенім телефоны немесе телефон арқылы кеңес сияқты, ұйымдағы әдепсіздіктердің көрсетілуіне байланысты мәселелер бойынша кеңестерге іштей және сырттай жүгіну механизмдерін сипаттаңыз	
GRI-57	Әдепсіз қылық немесе заңсыз әрекеттер туралы, сондай-ақ тікелей басшыға хабарлау сияқты, ұйымдағы әділетсіздіктерге байланысты проблемалар туралы хабарламалардың ішкі және сыртқа механизмдерін, заңсыз қызмет фактілері немесе қызу желі (горячая линия) туралы хабарлама механизмін сипаттаңыз	
G4-EC1	Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн	Аймақтарды әлеуметтік-экономикалық дамытуға салымдар
G4-EC4	Мемлекеттен алынған қаржылық көмек	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік

G4-EC9	Қызметтер жүзеге асырылатын аймақтардағы жергілікті жеткізушілерге арналған шығындар үлесі	Аймақтарды әлеуметтік-экономикалық дамытуға салымдар
G4-EN3	Ұйым ішінде энергия қолдану	Қауіпсіздікті және еңбекті қорғауды басқару жүйесі
G4-EN5	Энергияның жұмсалуды	
G4-EN6	Энергия тұтынуды қысқарту	
G4-LA1	Жаңадан қабылданған қызметкерлердің жалпы саны және пайызы, сондай-ақ жас топтамасы, жынысы мен аймақтар бөліп көрсетілген кадрлардың тұрақтамауы	Персоналға инвестиция жұмсау
G4-LA2	Ұйыммен қызмет көрсетілетін аймақтарға бөліп көрсетілген, уақытша немесе толымсыз еңбек жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілмейтін, толық еңбек жағдайында қызмет атқаратын қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер	Персоналға инвестиция жұмсау
G4-LA3	Аналық/әкелік жөніндегі демалыстан кейін жұмысқа қайта шыққан қызметкердің үлесі, сондай-ақ Аналық/әкелік жөніндегі демалыстан шыққаннан кейін ұйымда қалған қызметкерлердің үлесі	Персоналға инвестиция жұмсау
G4-LA6	Өндірістік жарақат түрлері және деңгейі, жұмыс орнында болмаған және жоғалған күн коэффициенті, сондай-ақ жалпы өлім саны	Персоналға инвестиция жұмсау
G4-LA8	Кәсіподақтармен ресми келісімдердегі денсаулық және қауіпсіздік мәселелерінің көрінісі	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік
G4-LA9	Қызметкердің жынысы мен санаты бөліп көрсетілген, бір қызметкерді орташа жылдық оқыту сағаттарының саны	Персоналға инвестиция жұмсау
G4-LA12	Басшы органдарының және Қызметкерлердің жынысы, жас тобы, азшылық топқа жатуы және басқа түрлі белгілері бөліп көрсетілген, ұйым персоналының негізгі категориясы	Персоналға инвестиция жұмсау
G4-LA16	Ресми арыз беру механизмі арқылы берілген, өңделген және реттелген еңбек қатынастарының практикасы жөніндегі арыз саны	Әлеуметтік серіктестік Тұрақты даму аясындағы стратегия
	Есепте қолданылатын қысқартулар саны	Глоссарий
	Байланыс жасаушылар жөнінде ақпарат	

Байланыс жасаушылар жөнінде ақпарат:

«ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы

010000, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы,

Еңбекшілер көшесі, 11

тел:

+7 (7172) 55 23 11

Корпоративтік интернет-сайт:

www.kaztransgas.kz

Есепке қатысты Сіздерді мазалайтын мәселелер бойынша келесі бөлімшелермен хабарласыңыз:

Корпоративтік дамыту және жинақтау-үйлестіру жұмыстары департаменті: тел. + (7172) 55 22 47

Техникалық саясат департаменті: тел. + (7172) 55 23 44

Кері байланыс!: Сіздің пікіріңіз біз үшін маңызды

Құрметті оқырман!

Сіз ҚТГ-нің 2014 жылғы тұрақты дамыту саласындағы есебімен таныстыңыз. Сіздің есеп жөніндегі пікіріңіз өте маңызды және егер Сіз өз ұсыныстарыңыз бен тұжырымдарыңызды жолдай отырып, Компанияның есеп сапасын жақсартуға жәрдемдессеңіз, біз Сізге алғысымызды білдіреміз.